



## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА ТЫҢ СЕРПІН БЕРЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитеті Саяси бюросының мүшесі, Хо Ши Мин атындағы Ұлттық саясат академиясының директоры Нгуен Суан Тхангпен кездесті.

Әңгімелесу барысында Мемлекет басшысы бүгінде қазақ-вьетнам қатынастары қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Президент Вьетнамға жасаған былтырғы ресми сапарын ықыласпен еске алды. Ханой сапары барысында жүргізілген маңызды келіссөздер екіжақты ынтымақтастыққа айтарлықтай серпін берді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Вьетнам – еліміздің Оңтүстік-Шығыс Азиядағы негізгі серіктесі. Қазақстан сауда-экономикалық, инвестициялық, мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты қатынастарды жан-жақты нығайтуға дайын.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы Қазақстан мен Вьетнамның әлеуметтік-экономикалық дамуын заңнамалық тұрғыдан камтамасыз ету үшін парламентаралық ынтымақтастықты жандандырудың маңызына тоқталды.

Өз кезегінде Нгуен Суан Тханг елдің Орталық комитеті Саяси бюросы мен Ұлттық жиналысы Қазақстан Президентінің Вьетнамға сапары кезінде қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыруға белсенді атсалысып жатқанын айтты. Оның пікірінше, елдеріміздің ұстанымдары ұқсас әрі БҰҰ, АӨСШК сияқты көпжақты алаңдарда табысты ынтымақтастық орнатқан.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты мен Хо Ши Мин атындағы Ұлттық саясат академиясы арасында ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойылғанын құптады. Бұл құжаттың бірлескен ғылыми зерттеулерге тың серпін беретініне сенім білдірді.

Мемлекет басшысы Вьетнам Президенті Лионг Кыонгты келесі жылы Қазақстанға сапармен келуге шақырды әрі оны Астана халықаралық форумымен орайластыруды ұсынды.

## ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ҰЛТТЫҢ БІРЕГЕЙ БОЛМЫСЫНА АЙНАЛУҒА ТИІС



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумына қатысты. Президент жиынға қатысушыларды Ауыл шаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібі қызметкерлері күнімен құттықтады.

Мемлекет басшысы форумның елімізде тың игеру науқаны басталғанына 70 жыл толуымен тұспа-тұс келіп отырғанын атап өтті. Президенттің пікірінше, тың игеру науқанының түрлі салдары болғанына қарамастан, ауыл шаруашылығында көптеген оң өзгеріс жасалды. Қазақстан аз уақыт ішінде әлемдегі астықты елдердің біріне айналды.

– Қазақстан егіс алқабы және жайылымдық жер көлемі жағынан әлемде алтыншы орын алады. Біз бидай экспорттайтын 10 ірі мемлекеттің қатарына кіреміз. Ұн экспорты бойынша көш басындағы елдің біріміз. Биыл түрлі қиын-

дыққа қарамастан қамбамыз астыққа толды. Күзгі жиын-терінде 26,7 миллион тонна дақыл жиналды. Бұл – соңғы он жылдағы рекордтық көрсеткіш. Шын мәнінде, диқандарымыз тамаша нәтижеге жетіп отыр. Құттықтаймын және баршаныңа шынайы ризашылығымды білдіремін! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент жүйелі жұмыстардың нәтижесінде инфляция деңгейі төмендегенін, ал ұлттық экономиканың өсімі биылғы қаңтар-қазан айларында 4 пайыздан асқанын жеткізді.

(Жалғасы 2-бетте)

## ОРМАНШЫҒА ҚҰРМЕТ ОҢАЛМАЙ ТҰР

Былырғы және биылғы шілдеде ақпарат құралдары жауапты шенеуніктерге сілтеп, бірін-бірі жоққа шығаратын екі жаңалықты таратты. Біріншісі: «2023 жылы орманшылардың жалақысы 100% өсті» десе, екіншісінде: «2024 жылғы 1 шілдеден орман және табиғат қорғау мекемелерінің қызметкерлері жалақыға 100% үстеме алады» делінген. Шынында, орманшылар былтырдан бері еңбекақысына еш үстемеақы қосылмағанына шағымданады. Мұның себебі анықталды.

(Жалғасы 5-бетте)



## БАСПАСӨЗ-2025



## АІОУН

АІОУН республикалық  
қоғамдық-саяси газетіне  
2025 жылға жазылу басталды

Жазылу түрлері	Индекс	Жазылу мерзімі	Редакциялық баға	«ҚАЗПОШТА» АҚ жазылу бағасы	
				Қала	Ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15102 - AIQYN	6 ай 12 ай	10 500 21 000	15 871,08 31 742,16	11 854,86 23 709,72
Жеке жазылушылар үшін	65102 - AIQYN	6 ай 12 ай	6 250 12 500	7604,46 15208,92	



Анықтама телефондары:

«Қазпошта» анықтама бөлімі: 8 (7172) 58-02-96  
Жазылу және тарату бөлімі: 8 (778) 837-07-21



16 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

# ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ҰЛТТЫҢ БІРЕГЕЙ БОЛМЫСЫНА АЙНАЛУҒА ТИІС

(Басы 1-бетте)

— Жыл соңында жалпы құны 1,2 триллион теңгені құрайтын 180 индустриалды жоба іске асырылмақ. Атап айтқанда, Қарағанды облысында катодты мыс, Павлодар облысында феррокорытпа, Қостанай облысында жүк көліктерінің бөлшектері, Жамбыл облысында цемент, бағалы металл өңдеу өндірісі секілді ірі зауыттар жұмыс істей бастайды. Қазір Алматы облысында вольфрам кенін қайта өңдеу, Қостанай облысында Chevrolet Onix автокөлік маркасын құрастыру, Жамбыл облысында мыс концентраты, Алматы облысында жылу оқшаулағыш материалдары және Шымкент қаласында қыш тақталары өндірістері пайдалануға берілді. Атырау облысында полипропилен шығаратын зауыттың ашылуы мұнай-газ химиясы саласының толықтай қалыптасуына ықпал етті. Алдағы уақытта полиэтилен мен бутадиеңдіру жоспарланған. Маңғыстау облысында еуропалық консорциумның қатысуымен «жасыл» сутегі өндірісі жобасы жүзеге асырылады. Осылайша, елімізде озық халықаралық стандарттарға сай және сыртқы нарықта сұранысқа ие өнім өндіретін жаңа кәсіпорындар құрылып жатыр, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы негізгі мақсат ауыл шаруашылығының дамуына серпін беру екенін айтты. — Ауыл шаруашылығы бәсекеге қабілетті озық сала болуы керек. Агроөнеркәсіп кешені экономикадағы басты қозғаушы күштің біріне айналуға тиіс. Бизнес те, мемлекет те осыған мүдделі. Бұл, ең алдымен, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан маңызды. Ауылдағы ағайынның тұрмысы да осы салаға тікелей байланысты, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев алда атқарылатын жұмыстардың негізгі бағыттарына тоқталды. Атап айтқанда, агроөнеркәсіп кешенін қаржыландыруды жүйелі жүргізу, саланы индустрияландыруды белсенді түрде жалғастыру, ауыл шаруашылығы ғылымын өркендету, селекция мен тұқым шаруашылығын жандандыру, озық технологияларды енгізу, ауыл шаруашылығы техникасының қолжетімділігін арттыру және агроөнеркәсіп саласының экспорттық әлеуетін күшейту мәселелерін қозғады.

Агроөнеркәсіп кешенін қаржыландыруға бөлінетін қаржы көлемі биыл айтарлықтай артты. Пайыздық мөлшерлеменен субсидиялау арқылы несиеленудің күрделі әрі көлемді жүйесіне тоқтау қойылды. Дикандар енді көктемгі егін егу және жиын-терін жұмыстарына 5 пайыз мөлшерлеменен тікелей жеңілдетілген несиелену алады. Мұндай несиелену көлемі алғаш рет жарты триллион теңгеден асты (580 миллиард теңге болған), алдағы уақытта бұл көрсеткіш бір жарым триллион теңгеге дейін жеткізілмек.

— Енді біздің алдымызда жиналған өнімді сақтау және оның бағасын құлдыратуға жол бермеу міндеті тұр. Үкіметке Азық-түлік корпорациясы арқылы шаруалардан астық сатып алуды тапсы-



рамын. Бұл нарықтағы бағаны ұстап тұру үшін керек. Астықты өңірлердегі қоймаларды босату мақсатында Ауыл шаруашылығы және Көлік министрліктері бірлесіп басқа облыстарға тасымалдауды жедел қамтамасыз етуі қажет. Бұл істе облыс әкімдерінің үйлесімді жұмыс істегені маңызды, — деді Президент.

Мемлекет басшысы, сондай-ақ агроөнеркәсіп кешенін индустрияландыруды белсенді түрде жалғастыру қажеттігін айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы Жолдауында үш жылдың ішінде агроөнеркәсіп кешеніндегі қайта өңделген өнімнің үлесін 70 пайызға дейін арттыру міндетін қойды.

— Біз негізгі азық-түлік тауарлары бойынша импортқа тәуелділікті азайтуға бағытталған бірқатар жобаны жүзеге асыра бастадық. Атап айтқанда, таяу жылдары сүт өндіру көлемін 600 мың тоннаға көбейтуге мүмкіндік беретін 116 заманауи тауарлы сүт фермасы салынады. Жалпы, қуаты жылына 220 мың тонна құс етін өндіретін 29 фабрика, сондай-ақ қуаты жылына 850 миллион жұмыртқа өндіретін 11 құс фабрикасын пайдалануға беру көзделген. 100 мыңға жуық ірі қараға арналған 6 бордақылау алаңын, сондай-ақ 50 мың бас уақ малға арналған бордақылау кешенін іске қосу жоспарланып отыр. Сонымен қатар Үкімет алғашқы мамандандырылған биржа ашуды қолға алды. Бұл кешенде мал саудасының заманауи ережелері сақталып, фермерлер мен тұтынушылар арасында басы артық делдалдар болмайды, — деді Қ.Тоқаев.

Президент ауыл шаруашылығы ғылымын өркендетудің маңызына, сондай-ақ ауыл шаруашылығына жаңа технологияларды белсенді түрде енгізу қажеттігіне тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, қазір жаһандық азық-түлік нарығында бәсеке күшейіп келеді. Оған төтеп беру үшін ғылымды дамытуға баса мән беру керек. Соның ішінде тұқым шаруашылығын жандандыру — стратегиялық міндеттің бірі.

— Қазір елімізде құны 4 миллиард доллар болатын ауқымды инвестициялық жобалар жүзеге асырылып жатыр. Соның арқасында 7 миллион тонна минералды тыңайтқыш өндірілмек. Бұл ішкі нарықты толық қамтамасыз етуге, ал артығын экспортқа шығаруға мүмкіндік береді. Агроөнеркәсіп кешенін одан әрі цифрландыру мен автоматтандыру мәселесі ұдайы назарда болуға тиіс. Кейінгі бес жылда еліміздегі цифрлы фермерлік шаруашылықтар саны алты есеге жуық өсіп, бүгінде 200-ден асты. Бұл — шын мәніндегі болашақтың кәсіпорындары. Онда озық технологиялар жаппай енгізіледі. Бірақ бұған токмейілсуге болмайды, — деді Қ.Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы техникасының қолжетімділігін қамтамасыз ету, экспорттық әлеуетті күшейту қажеттігіне және ондағы сақтау инфрақұрылымын, соның ішінде элеваторлар, көкөніс және жеміс-жидек сақтау қоймаларын дамыту мәселесін ерекше атап өтті. Бүгінде Өзбекстан, Әзербайжан, Түрікменстан, Қырғызстан және Ауғанстанға жоспарлы түрде астық тасымалдау жұмысы басталды. Иран нарығына кіруге рұқсат алып, 250 мың тонна арпа жөнелтілген. Сондай-ақ Қытайға, Еуропа Одағы елдеріне және Солтүстік Африкаға астық жеткізіледі. Теңізбен тасымалдауды арттыру үшін Құрық портында жаңа астық терминалы іске қосылды. Жаңа нарықтардың азық-түлікке сұраныс көлемі ұлғайып келе жатқанын ескерсек, Солтүстік — Оңтүстік және Транскаспий бағыты сияқты халықаралық дәліздердің рөлі арта түспек.

— Қазақстанды Еуразияның негізгі көлік-логистикалық орталығы ретінде құру жөніндегі стратегиялық міндет — менің кейінгі жылдардағы халықаралық деңгейде жүргізіп жатқан келіссөздерімнің басты тақырыбына айналды. Бұл мәселеде аталған дәліздерге ыңғайлы жол табу және ішкі логистиканы жақсарту өте маңызды. Сондықтан

алдағы алты жылда (2030 жылға дейін) біз теміржол желісін ауқымды түрде жаңғыртуды көздеп отырмыз. Он бір мың шақырым теміржолды жөндеп, бес мың шақырымнан астам жаңа теміржол салу жоспарлануда. Қазірдің өзінде «Дарбаза — Мақтаарал», «Достық — Мойынты», «Бақты — Аягөз» және «Алматы қаласының айналма жолы» сияқты ірі жобалар жүзеге асырылып жатыр. Бұл Орталық Азия мен Қытай бағытындағы жүк тасымалының артуына жол ашады. Автокөлік жолдарының желісін дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылууда. Мәселен, жыл соңына дейін «Астана — Балқаш — Алматы», «Талдықорған — Өскемен», «Ақтөбе — Қандыағаш» және «Атырау — Астрахань» автомобиль жолдарының құрылысы аяқталады, — деді Қ.Тоқаев.

Мемлекет басшысы келесі жыл — Жұмысшы мамандықтары жылы болып жарияланатынын атап өтіп, нағыз еңбек адамдары жоғары деңгейде ұлықталуға тиіс екенін айтты. Президент бұл бастама қоғамда еңбекқорлық пен кәсіби құндылықтарды дәріптеуге ықпал ететініне сенім білдірді.

— Білім мен тәжірибенің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатынын жайында көптеп мысал келтіруге болады. Мұндай сабақтастық шын мәнінде өз ісіне берілген кәсіби мамандарды қалыптастырады. Ауыл шаруашылығы саласында да үлгі тұтатын еңбек әулеттері жетерлік. Несібесін қара жерден айырып отырған ауыл тұрғындары отбасы құндылықтарын ерекше сақтайды. Үлкендердің айтқанына құлақ асып, қоршаған ортаға қамқорлықпен қарайды. Мықты фермерлік шаруашылық, әдетте бірнеше ұрпақтың еңбегі арқылы құрылады. Бұл салада табысқа тез жету қиын. Бірақ шаруалар қажырлы еңбек пен төзімнің қайтарымы болатынын жақсы біледі. Еңбекқорлық пен жауапкершілік ұлтымыздың бірегей болмысына айналуға тиіс. Бұрынғылар «Еңбек бәрін жеңбек» деп бекер айтпаған. Еліміздегі әр азаматтың адал әрі жауапты еңбек арқылы табысқа жеткенін қалай-

мын. Бұл — азаматтарымыздың өмірлік мақсатына айналуға тиіс. «Адал адам — Адал еңбек — Адал табыс» қағидасының мәні де осында жатыр. Мен жастарға сенетінді үнемі айтып келемін. Ауыл шаруашылығы жастардың өзін танытуына мол мүмкіндік береді деп ойлаймын. Ауылға маман тартудың қаншалықты қиын екенін жақсы білетін шаруашылық басшылары бұл іске ерекше мүдделі. Мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығы саласына мамандар даярлауға үлкен көңіл бөлініп келеді. Соңғы жылдары елімізде жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдары ашылып жатыр. Оның төртеуі агроном, мелиоратор, биотехнолог және эколог сияқты ауыл шаруашылығы саласында сұранысқа ие мамандарды халықаралық бағдарламалар бойынша даярлайды. Жалпы, мемлекет пен бизнес ауылдағы барлық мәселені бірлесіп шешуі керек. Агроөнеркәсіппен айналысу үшін ауылға келген жас кәсіпкерлерді бағалаймын. Мемлекет те сіздердің еңбектеріңізді ұмыт қалдырмайды, — деді Қ.Тоқаев.

Форумда Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров, «Қайып ата» ЖШС директоры Сырым Ертаев, «Зенченко және К» КС директоры Геннадий Зенченко, Alarko Holding бас директоры Үміт Наури Йылдыз, «Aitas KZ компаниялар тобы» АҚ вице-президенті Рабига Токсейітова сөз сөйледі.

Президент Жарлығымен Ауыл шаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібі қызметкерлері күні қарсаңында елдің агроөнеркәсіп кешеніндегі жемісті еңбегі, отандық ауылшаруашылық инфрақұрылымының дамуына қосқан үлесі үшін бір топ сала өкілдеріне мемлекеттік наградалар табысталды. Атап айтқанда, «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы мен «Отан» ордені «Зенченко және К» серіктестігінің бас директоры Геннадий Геннадьевич Зенченкоға берілді. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы саласының бір топ еңбеккері ІІ және ІІІ дәрежелі «Барыс», «Парасат», «Құрмет», ІІІ дәрежелі «Еңбек Даңқы» ордендерімен және «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Бұдан бөлек, Президент ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілердің көрмесін тамашалады. Көрмеде терең өңделген өнімдер, заманауи агротехнологиялар, инвестициялық, соның ішінде шетелдік инвесторлардың қатысуымен жүзеге асырылып жатқан жобалар ұсынылған. Мемлекет басшысына егін және мал шаруашылықтарындағы, басқа да маңызды бағыттардағы инновациялық шешімдер мен жетістіктер таныстырылды.

Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумына еліміздің түкпір-түкпірінен 2 мыңнан астам адам жиналды. Іс-шараға агрохолдингтердің өкілдері, фермерлер, шаруа қожалықтарының жұмысшылары, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктердің мүшелері мен инвесторлар қатысты.

Асыл ТҰМАР



## ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛЕР ҚҰРЫЛТАЙЫ ӨТТІ

Астанада әлеуметтік кәсіпкерлердің Еуразия құрылтайы өтті. Оған аталған бағыттағы әлемдік көшбасшылар, ESG саласындағы жетекші сарапшылар, қоғамдық және халықаралық ұйымдар мен қайырымдылық қорлардың өкілдері қатысты. Іс-шара барысында Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев сөз сөйлеп, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқыды.

Мемлекет басшысының құттықтауында әлеуметтік кәсіпкерлердің Еуразия құрылтайы белсенді, азаматтық ұстанымы айқын, қоғамда игі құндылықтардың орнығуына атсалысып жүрген кәсіпкерлер, сарапшылар және көшбасшылар бас қосатын бірегей диалог алаңы екені айтылған.

«Әлеуметтік кәсіпкерлік әлем экономикасының маңызды қыры саналады. Осы бағыттағы бастамалар инклюзивті орта қалыптастыру және мүмкіндігі шектеулі жандардың тұрмыс сапасын жақсарту ісінде ерекше рөл атқарады. Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлікке айрықша мән беріледі, оған жан-жақты қолдау көрсетіледі. Соның арқасында бизнестің жасампаздық пен жанашырлыққа негізделген осы түрі елімізде қарқынды дамып келеді. Бұл саланың өкілдері түрлі мәселенің түйінін тарқататын инновациялық тәсілдер ұсынып жүр. Бүгінгі басқосуда да салмақты ойлар мен салкалы пікірлер айтылады деп сенемін. Форум Еуразия халықтары арасындағы серіктестікті нығайтуға серпін беріп, өзара ықпалдастықты арттыра түсері сөзсіз», — делінген ел Президентінің құттықтау хатында.

Мәулен Әшімбаев өз сөзінде қазір әлемде уақыт өткен сайын әлеуметтік кәсіпкерлікке сұраныс артып келе жатқанын атап өтті. Әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған бизнес инвесторлар, мемлекеттік құрылымдар және жалпы қоғам тарапынан көбірек қолдауға ие.

Бұл ретте Қазақстан да бизнестің аталған санатын орнықты дамудың ұлттық стратегиясының бір бөлігі ретінде мақсатты әрі жүйелі негізде қолдап, өркендетіп келеді. Сенат Төрағасы Мемлекет басшысының бастамасымен осы бағытта нақты шаралар қабылданғанын және әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау жөнінде заңнамалық өзгерістер енгізілгенін атап өтті. Нәтижесінде, былтырдан бастап әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне тіркелген компаниялардың саны айтарлықтай артқан.

Дегенмен Мәулен Әшімбаев атап өткендей, әлеуметтік кәсіпкерлік саласында бірқатар өзекті сын-қатерлер бар. Оларды

еңсеру үшін кешенді жұмыс және барлық мүдделі тараптың іс-әрекетіне бірыңғай тәсіл қажет. Осыған байланысты Сенат Төрағасы әріптестерін Мемлекет басшысының тапсырмасымен құрылған Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі парламенттік комиссия аясындағы үш міндет төңірегінде бірлесіп жұмыс істеуге шақырды.

«Әлеуметтік кәсіпорындар көбінесе гранттар мен қайырымдылыққа тәуелді. Сондықтан әлеуметтік жобаларды қолдау үшін микроқаржыландыру тетіктерін және басқа механизмдерді дамытудың маңызы зор. Оқыту және тәлімгерлік бағдарламаларын іске асыру әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың негізгі бағыттарының бірі бола алады. Сондай-ақ өңірлердегі әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялары жанынан жұмыс істеуге қолайлы кеңістік ұсынып қана қоймай, консультациялық қызметтерді, оқыту мен тренингтерді және қаржыландыруға қол жеткізуді қамтамасыз ететін арнайы инфрақұрылым қалыптастырған абзал. Парламент депутаттары осы және басқа да мәселелерді шешу үшін әлеуметтік кәсіпкерлермен, сондай-ақ, барлық мүдделі тараптармен бірлесіп, белсенді жұмыс істеуге мүдделі», — деген Мәулен Әшімбаев әлеуметтік кәсіпкерлер мен ел ертінен бейжай қарамайтын белсенді азаматтардың бастамаларына одан әрі қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді.

Құрылтай барысында ауылдарда әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту жөнінде ұсыныстар, сапалы білім мен денсаулық сақтауға қолжетімділікті арттыруға қатысты бірлескен жобалар бойынша тың бастамалар және саланы одан әрі жетілдіруге арналған ұтымды пікірлер айтылды. Іс-шарада Әлеуметтік инноваторлар қауымдастығының президенті Эмин Аскеров, Ұлттық экономика министрлігінің, Астана қаласы әкімдігінің және Еуразиялық топ басшылығының өкілдері, сондай-ақ Ресейден, Тәжікстаннан, Өзбекстаннан және халықаралық ұйымдардан келген қатысушылар сөз сөйледі.

## «АКВАӨСІРУ ТУРАЛЫ» ЗАҢ ЖОБАСЫ ҚАРАЛАДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, онда алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.



Депутаттардың талқылауына «Акваөсіру туралы» Үкімет әзірлеген заң жобасы мен оған ілесіп түзетулерді бірінші оқылымда қарау ұсынылады.

Заң жобасы акваөсіруді дамыту саласындағы қатынастарды реттейтін құқықтық тетіктерді, инвестиция тартуға және экономиканың осы секторына шағын және орта бизнесті тартуға ықпал ету мақсатымен әзірленген. Атап айтқанда, су қоймаларын конкурстық негізде және конкурстық рәсімдерсіз беру тәртібі белгіленеді. Сонымен қатар жеңілдетілген несиелендіруге, еңбек өнімділігін арттыруды ғылыми қолдауға және ынталандыруға қосымша мемлекеттік қолдау шаралары мен басқа да бірқатар өзгеріс енгізіледі.

Ақпарат, қоғамдық даму, мәдениет және мұрағат ісі салаларындағы нормалардың артық (шамадан тыс) заңнамалық регламенттелуін жою мәселелері бойынша заң жобасы екінші оқылымда қаралады.

Күн тәртібінде бірқатар халықаралық құжатты ратификациялау туралы заң жобалары да бар. Олар: Сахараның оңтүстігіне қарай Африка елдеріне және Иракқа шектеулі және біртіндеп таратуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін Еуропа Қайта Құру және Даму Банкінің құру туралы келісім, әдеттегі операцияларға жарғылық капиталдық шектеуді жою мақсатымен Еуропа Қайта Құру және Даму Банкінің құру туралы келісім, сондай-ақ мемлекеттік (муниципалдық) сатып алуды жүзеге асыру кезінде банк кепілдіктерін өзара тану туралы келісім.

Сондай-ақ Мәжіліс комитеттері орыс тілі жөніндегі халықаралық ұйым туралы ратификациялық шартты және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топтың қызметіне қатысты жаңа заң жобасын жұмысқа қабылдайды.

## МАҢҒЫСТАУДА – АУЫЛ ӘКІМДЕРІ ФОРУМЫ

Маңғыстау облысында алғаш ауыл әкімдерінің форумы өтті. Форумда елдегі саяси реформалардың, жобалардың орындалуы сарапталып, ауыл тұрғындарының жағдайын жақсарту мәселелері талқыланды.

Жиынға «AMANAT» партиясының Хатшысы Эльдар Жұмағазиев, Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қилыбай, Ұлттық экономика министрлігі Өңірлік даму департаменті директорының орынбасары Жәнібек Шәйдікерім және барлық деңгейдегі әкімдер, облыстық мәслихат депутаттары, партия ардагерлері, облыстық басқарма басшылары, партияның қалалық және аудандық филиалдарының төрағалары қатысты.

Форумда партия Хатшысы Эльдар Жұмағазиев ауыл әкімдерінің алдында тұрған міндеттерін нақтылады. Сонымен қатар елді мекендегі кәсіпкерлікті дамыту, экономикалық ахуалды арттыру мақсатында басталған «Ауыл аманаты», «Жер аманаты», «Ауыл — ел бесігі», «Қарызсыз қоғам» жобаларының мазмұнына, партияның алдағы жоспарына тоқталды.

«Ауыл әкімдерін қосымша төлем көздері туралы мәселе аландатып отыр. Осы орайда жаңа Бюджет кодексінің жобасы шеңберінде ауылдық округтің аумағында орналасқан кең таралған пайдалы қазбаларды, жерасты суларын және емдік балшықтарды өндіруге салынатын са-

лықты бюджеттің IV деңгейіне беру көзделіп отыр. Бұдан басқа жергілікті өзін-өзі басқарудың табыс көздерін кеңейту үшін қосымша салықтар мен төлемдердің түрлерін беру жоспарлануда», — деді партия Хатшысы Эльдар Жұмағазиев.

Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қилыбай мұндай ауқымды шаралар барлық деңгейдегі әкімдердің өзара байланысын нығайтуға, тәжірибе алмасып, шалғай елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретінін атап өтті.

Жалпы, Маңғыстау облысында 47 ауыл әкімі бар, оның ішінде 43 ауыл әкімі «AMANAT» партиясының атынан сайланған. Сондай-ақ форумда Оңды ауылының әкімі Қуаныш Жәнібекұлы жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесін қозғап ұсыныстарын жеткізді.

Форумның екінші бөлігі панельдік секция жұмысымен жалғасты. Онда ҚР Президент жанындағы мемлекеттік басқару академиясы Маңғыстау облыстық филиалының өкілдері «Эмоционалды интеллект және көшбасшылық» тақырыбы бойынша тренинг өткізді.

16 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

## ЕКІЖАҚТЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС НЫҒАЯ ТҮСПЕК



«AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Саяси Бюро мүшесі Нгуен Саун Тхангпен кездесті.

Сөз басында «AMANAT»-тың Атқарушы хатшысы екі мемлекет арасында достық және тең құқықты сипаттағы дәстүрлі қатынастар сақталатынына назар аударды. Дәулет Кәрібек екі елдің мемлекетаралық қатынасы өте тиімді дамып келе жатқанын жеткізді. Былтыр тамыз

айында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Вьетнамға ресми сапармен барды. Ал 2023 жылы қыркүйекте Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов Вьетнам Ұлттық жиналысы Төрағасының Орынбасары Нгуен Хак Динмен кездесті. «AMANAT» партия-

сының Атқарушы хатшысы вьетнамдық әріптестерін ауқымды саяси және экономикалық өзгерістер туралы хабардар етті.

«Мемлекет басшысының бастамасымен Қазақстанда жүйелі және құрылымдық реформалар жүргізілді, Әділетті Қазақстанды, яғни барлық азаматқа тең мүмкіндік беретін мемлекет құру бағытында нақты қадамдар жасалуда. Азаматтардың тұрмысын жақсарту, экономиканы монополиясыздандыру, адал бәсекелестікті дамыту, халықты шешімдер әзірлеу және қабылдау процестеріне тарту жөнінде шаралар қабылданды. Еңбек, білім, заңнама және үнемділік құндылықтарына негізделген жаңа қоғамдық этика қалыптасуда», — деді ол.

Дәулет Кәрібек «AMANAT» партиясы мен Вьетнам Коммунистік партиясы арасындағы диалог қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. 2018 жылы Қазақстан мен Вьетнамның өзара іс-қимылы мен әріптестігін күшейтуге мүмкіндік беретін ынтымақтастық туралы екіжақты Меморандумға қол қойылды.

Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Саяси Бюро мүшесі, Хо Ши Мин атындағы Ұлттық саясат академиясының Директоры доктор Нгуен Саун Тханг мемлекеттер арасындағы достық қатынастарды одан әрі нығайту мақсатында «AMANAT» партиясымен ынтымақтастықты жандандыру ниетін

растады. Сондай-ақ ол жуырдағы Яга тайфуны зардабын жою үшін вьетнам халқына көмек көрсеткені үшін қазақстандық тарапқа алғысын білдірді.

«Вьетнам Қазақстанның аймақтағы және әлемдегі геосаяси ықпалын, сондай-ақ Еуропа мен Азия арасындағы байланыстырушы көпір ретіндегі рөлін жоғары бағалайды. Сондай-ақ Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан жетістікке толы саяси және экономикалық өзгерістерге назар аударғым келеді. Вьетнам Қазақстан үшін Оңтүстік-Шығыс Азиядағы басты серіктес екеніне сенімдіміз», — деді ол.

Кездесу соңында тараптар екі партияның жастар, аналитикалық және зерттеу құрылымдары арасындағы байланыстарды жандандыруға, белсенді тәжірибе алмасуға, сондай-ақ екі мемлекеттің саяси, экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастығын дамытуға бірлесіп жәрдемдесу жөнінде уағдаласты. Сонымен қатар кездесуге қатысушылар партиялық оқыту мен партия кадрларын даярлауды дамыту саласындағы өзара іс-қимыл перспективаларын талқылады.

Еске сала кетейік, бір жыл бұрын «AMANAT» партиясына Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық Комитеті сыртқы байланыстар жөніндегі бөлім менгерушісінің бірінші орынбасары Нгуен Тхи Хоанг Ван келген еді.

## ӘЙЕЛДЕР БАСТАМАЛАРЫН ҚОЛДАУ МАҢЫЗДЫ

Астанада Қазақстанның барлық өңірлерінен келген 200-ден астам ауыл әйелдері көшбасшыларын, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерін жинаған 7-ші Республикалық Ауыл әйелдері форумы өтті. Іс-шара барысында ауылдық аймақтардың тұрақты дамуы, әйелдер мен ауыл кәсіпкерлігі мәселелері талқыланып, гранттық байқаудың жеңімпаздары марапатталды.

Форумға мемлекеттік органдардың жетекші өкілдері, оның ішінде Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі және Ұлттық экономика министрлігінің өкілдері қатысып, делегаттармен ашық диалог жүргізді. Форумда әйелдер кәсіпкерлігін дамыту, ауылдық жерлерде «жасыл» технологияларды енгізу және қаржылық қолдау мәселелері сияқты маңызды тақырыптар қарастырылды.

— Мемлекет, бизнес және қоғамдық ұйымдардың ынтымақтасуының арқасында бүгінде ауылдағы әйелдер бастамаларын қолдауға бағытталған көптеген перспективалық жоба іске асырылуда. Бұл әлеуетті тиімді пайдалану маңызды. Осы жерде бұл форумның оң рөлі ерекше. Форум барысында қалыптасқан идеялар мен бастамалар қатысушыларды жаңа шешімдермен байытып, ауылдағы бірлескен жұмыстардың түрлі бағыттарын нығайтуға септігін тигізетініне сенімдімін, — деп пікір білдірді Қазақстан ауыл әйелдері Форумының ұйымдастыру комитетінің төрағасы, Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің IV, V, VI шақырылымдарының депутаты Майра Айсина.

Ауылдағы әйелдер бастамаларын қолдау құралдарының арасында Қазақстанда 12 жыл бойы жұмыс істеп келе жатқан және еліміздің әртүрлі өңірлерінен 110 000-нан астам әйелдерге бизнес негіздерін тегін

оқытқан Coca-Cola Belesteri немесе «Өсу сатылары» атты әлеуметтік жоба ерекше аталады. Бұл жоба арқылы <https://ccb.kz> білім алған 7 500-ден астам шағын бизнес құрылып, еліміздің барлық өңірлерінде 10 000-нан астам жұмыс орны ашылды. Сонымен қатар ауылдағы кәсіпкерлік бастамаларды қолдау мақсатында «жасыл» технологияларды қолдана отырып, жеке қосалқы шаруашылықтарды ұйымдастыруға арналған оқыту курстары ұсынылуда, ол <https://farmerschool.kz> платформасы арқылы жүзеге асырылады.

— Coca-Cola Belesteri жобасы Қазақстан бойынша әйелдердің экономикалық әлеуетін дамытуға бағытталған, ал Ауыл әйелдері форумы — мәселелер мен мүмкіндіктерді талқылайтын маңызды алаң, — деп атап өтті «Әлеуметтік динамика» қоғамдық қорының директоры Елена Ожго. Олардың бірі — жастарды өнімді еңбекке тарту. Осы мақсатта биыл алғаш рет жастар үшін жаңа білім беру бағдарламасы ұсынылды, сондай-ақ жас жеңімпаздарға конкурс аясында бастауыш қаржылық қолдау ретінде 10 грант бөлінді.

Жоба ең үздік бизнес-идея бойынша бірдей аталған байқаудың жеңімпаздарына қаржылық қолдау көрсетеді. 2012 жылдан бері 150 әйел өз ісін ашу үшін грант алған. Биыл <https://ccb.kz> жобасында 30 грант қарастырылған, ал өткен жылдары бұл көрсеткіш 20 болған. Форумда алғашқы 14 грант табысталды, қалған 16 грант екінші



кезеңнің жеңімпаздарына, байқау қантар айында аяқталған соң беріледі.

Форум гранттық байқаудың жеңімпаздарының өнімдерінің көрмесімен қатар өтті. Қатысушылардың арасында мал шаруашылығы өнімдері, ұлттық дәстүрлерде жасалған киімдер мен текстиль кенінен ұсынылды. Мысалы, тігін өндірістері Құрақ көрпе секілді классикалық бұйымдардан бөлек, ұлттық ою-өрнекпен безендірілген зығыр матадан жасалған киімдер, көшпелілердің этно үлгілері бойынша пастила, ірімшіктен чизкейк торттарын дайындау, балалар мен ересектерге ұлттық нақышта

қыш бұйымдарын жасау бойынша курстар ұсынылды.

Форум мен жобаның ұйымдастырушылары — «Жасыл экономиканы қолдау және G-Global-ды дамыту Коалиция» занды тұлғалар бірлестігі және «Әлеуметтік Динамика» қоғамдық қоры, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық әйелдер мен отбасылық-демографиялық саясат комиссиясының қолдауымен жүзеге асырылуда.

Форумға және «Өсу сатылары» жобасына қаржылық қолдауды The Coca-Cola Foundation қайырымдылық қоры көрсетеді.

## ӨЗЕКТІ

16 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

(Басы 1-бетте)

МИССИЯСЫ БИК,  
ТҰРМЫСЫ ТӨМЕН

Орманшы дегенде жасыл желекті ну орманды асықпай аралап, алтыннан қымбат саф ауаны сіміре жұтып, терең тыныстап, түрлі жан-жануардың тірлік-тіршілігін тамашалап, бейғам жүретін адамдар елестеуі мүмкін. Шын мәнінде, бұл – жауапкершілігі зор, тауқыметі одан да көп кәсіп. Орманды сақтап қана қоймай, оны қалпына келтіру, биоауандықты өрістету, сөйтіп болашақ ұрпаққа таза ауа мен саламатты табиғи органы қалдыру – орманшының тарихи миссиясы. Бұл миссия үлкен күш-жігерді, шыдамдылық пен қажыр-қайратты, бағындық пен жанқиярлықты талап етеді. Осы кәсіп иелерінің арқасында орман тып-типыл жойылмай, көркемдігімен көз қуантып, түрлі өнімімен елді асырап, экономиканы дамытуға үлес қосып келеді.

Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығын дамыту басқармасының берген дерегіне, Қазақстанда бүгінде мемлекеттік орман қорының (МОК) жалпы аумағы – 30,5 миллион гектар. Оның ішінде аталған министрліктің қарауында 32 ведомстволық бағынысты ұйым бар, оларға 7,4 миллион гектар МОК алаңы бекітілген. Бұл – бүкіл қордың жалпы алаңының 24,4%-ы.

Сонда қалған орман кімнің қарауында? Облыс әкімдіктерінің қарауында орман шаруашылығының 122 мемлекеттік мекемесі бар, оларға 22,9 миллион гектар алаң немесе МОК-тың 74,9%-ы бекітілген. Сондай-ақ 0,2 млн гектар немесе 0,7%-ы басқа ведомстволар иелігінде.

Бірден айта кетелік, министрлікке, әкімдікке не басқасына қарасын, бәрінде жұмыс істейтіндерді «орманшы» атайды. Олар заң бойынша орман қорын күзету, қорғау, ормандарды молықтыру және орман өсіру, жануарлар дүниесін қорғау, басын көбейту және пайдалану саласындағы басқару, бақылау және қадағалау функцияларын орындайды.

Орманшылар бір жыл ішінде мемлекеттік қор аумағында 18 мың 754 рейд жүргізді. Нәтижесінде, заңсыз ағаш кесудің 239 дерегін анықтады. Ағаш браконьерлері 6 мың 703,3 текше метр аумақтағы орманды жайпап үлгеріпті. Бұл ретте олармен салыстырғанда орманшылардың көлікпен, қорғаныш құралдарымен нашар жабынған ағаш кесу жөн. Орманшылар браконьерлердің жол талғамайтын жүрдек машиналары, жүк көліктері мен ағаш кесуге мамандандырылған озық техникасы, заманауи байланыс құралдары, тіпті әуеде самғап жүретін дрондарына дейін барын айтады. Олардың заңсыз тірліктерінен мемлекетке бір жыл ішінде келген жалпы шығын 432 млн 701,3 мың теңгені құрады.

Қабылданған шаралар нәтижесінде 71 заң бұзушыға 210,2 миллион теңге айыппұл салынды. Алайда әзірше 9,4 млн теңгесі ғана өндірілді. Барлығы 68 әкімшілік хаттама толтырылды. 190 материал құқық қорғау органдарына және 49 іс сотқа берілді. Құқық бұзушылардан 459,6 текше метр ағаш, 17 көлік және 43 қару-жарақ тәркіленді.

Орман шаруашылығы мекемелерінде заңсыз ағаш кесу салдарынан келген ең үлкен шығын Шығыс Қазақстан (17,6 млн теңге болатын 2 126,8 м3) және Қостанай

## ОРМАНШЫҒА

## ҚҰРМЕТ

## ОҢАЛМАЙ ТҰР

(шығыны 26,2 млн теңге болатын көлемі 1 587,6 м3 орман оталған) облыстарында жол берілді. «Семей орманы» МОТР аумағындағы табиғатты қорғау мекемелерінде шығыны 33,3 млн теңге болатын 2 191,5 м3 көлемінде заңсыз ағаш кесудің 59 жағдайы анықталды. «Ертіс орманы» МОТР аумағында шығыны 9,4 млн теңге болатын 459,4 м3 көлемінде 31 факті ашқареленді.

Ұлттық статистика бюросы биылғы орман өрттері бойынша қорытындысын әлі шығарған жоқ. Оның дерегіне, 2023 жылы орман өрттерінің соңғы 5 жылдағы ең көп саны тіркелді – 810 жағдай (одан көбі 2019 жылы – 628 жағдай болған). Экология министрлігінің мәліметінше, 2023 жыл қорытындысында Қазақстан бойынша жалпы ауданы 116 800,9 гектарды құрайтын орманда 810 өрт тіркелді. Мемлекетке келтірілген жалпы залал 163,2 миллиард теңгені құрады.

Осы ауыр ахуал орман шаруашылығы қызметкерлерінің жағдайын барынша жақсартып, олардың браконьерлермен және «тілсіз жаумен» күрес қабілетін күрт арттыруды талап етеді.

ОРМАН ҮШІН ОТ КЕШТІ,  
НЕ ҰТТЫ?

Qyzmet.kz порталында жарияланған хабарландыруларға жүгінсек, өткен аптадан бері Экология министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетіне қарасты «Алматы мемлекеттік табиғи қорығы» орманшы (орман қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор) іздеп жатыр. Алматы облысының Талғар ауданында орналасқан бұл мекеме үміткерден қазақ және орыс тілдерінде таза сөйлеуді, жауапкершілік, экологиялық ақыл-ой талап етеді. Ор-



—Семей орманында өрт болып, ондаған отандасымыз опат болғанда Үкімет өкілдері «2023 жылдың 1 шілдесінен бастап орманшылардың айлығы өседі» деп кесіп айтқан еді. Бірақ айтылған сөз айтылған жерде қалды. Жалақы орман шаруашылығындағы басшылық құрам мен санаулы мамандық иесіне қосылғаны болмаса, орман үшін от кешкен мыңдаған маман түкке жетпейтін жалақымен сол күйі қала берді, — делінген Мәжіліс депутаттарының Үкіметке сауалында.

Олардың айтуынша, Премьер Олжас Бектенов еліміздегі орман шаруашылығы және табиғатты қорғау мекемелері қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына

лар дүниесі жұмысшыларының салалық кәсіподағы шағымданыпты. Ол уәде етілген жалақы көтеруді лайықты қамтамасыз етуді және қызметкерлерді әлеуметтік қолдауды күшейтуді сұрады. Онсыз еліміз алдымен орманшысыз, одан сон ормансыз қалады.

— 2023 жылғы 1 шілдеден мемлекеттік орман мекемелері жұмысшыларының лауазымдық еңбекақысы 100% артады деп сөз бердік. Уәде сол бойы орындалмады. Орман қорғаушы мемлекеттік инспекторлардың орташа айлық атаулы жалақысы 165,1 мың теңге ғана. Бұл 2022 жылғыдан тек 16,2% көп, — деді сенатор Ольга Булавкина.

Оның айтуынша, жалақының төмендігі және әлеуметтік қолдаудың жоқтығы кесірінен жоғары оқу орындары мен колледждердің түлектері орман шаруашылығына жұмысқа тұруға қызықпайды. Салдарынан жыл өткен сайын салада білікті мамандар саны кеміп барады. Үлкен тәжірибе жинаған, жұмыс өтілі көп, ұзақ жыл қызметтік міндеттемелерін адал атқарған қызметкерлер де саладан кетіп жатыр. Олардың орнын басатын, тәжірибесін қабылдайтын жас мамандар жоқтың қасы.

Орманшылардың былтырдан уәде етілген үстемеақысы неге төленбеді? Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Склярдің түсіндіруінше, 2023 жылғы 1 шілдеден бастап мемлекеттік орман күзеті қызметінің қызметкерлеріне лауазымдық жалақысына 100%-ға дейінгі мөлшерде қосымша ақы белгіленген болатын. Нәтижесінде, орманды қорғау жөніндегі инспектордың орташа жалақысы 141 мыңнан 276,7 мың теңгеге дейін, орманшылық басшысының орташа жалақысы 181 мыңнан 357 мың теңгеге дейін, басшылық құрамның жалақысы 198 мыңнан 361 мың теңгеге дейін ұлғаюға тиіс еді.

— Осы қосымша төлемді төлеу үшін 2024 жылға 7,4 млрд теңге бөлінді, сондай-ақ бюджетті түзету аясында биылғы жыл соңына дейін тағы 2,6 млрд теңге бөлу жоспарланған-тын. Дегенмен елдегі су тасқыны жағдайына байланысты қосымша қаражат сол

манды күзету, қорғау, табиғи кешендерді қалпына келтіру іс-шараларын жүргізу, орман өрттерінің алдын алу сияқты жұмысы шаш етекпен. Жұмыс толық күн еңбекпен қамтылуды қарастырады. Жалақысы — 100-150 мың теңге.

Абай облысының қияндағы Үржар ауылында орын тепкен «Тарбағатай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі де орманшыларды сабыла іздеп жатыр. Ұйым үміткерлерден міндетті түрде жоғары білімінің болуын талап етеді. Өзге талаптары өзге қорықтардыкіне ұқсас. Толық күн еңбек етеді. Төлейтін айлық жалақысы — 100-160 мың теңге.

Сонда былтырдан бері ақпалып жатқан жалақының жоғарылауы қайда? Белгілі болғандай, биылғы жыл басында және жыл соңына қарай орманшылар Парламентке хат жазып, еңбекақыға үстемеақы қосылады дегеннің сөзін жалаған болып шыққанына шағымданыпты. Соның негізінде жуырда «AMANAT» партиясы фракциясының депутаттары мәселе көтерді.

үстемеақы қосу туралы қаулыға тек бір жыл өткенде, 2024 жылдың 1 шілдесінде ғана қол қойыпты. Орман және табиғатты қорғау ұйымдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін, шарттары мен мөлшерлерін жетілдіру мақсатында «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын ұйымдардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Үкімет қаулысына өзгерістер енгізілді. Алайда жалақы сол бойы көбейтілмеген.

БЮДЖЕТ ТӨРІНДЕ  
ОРМАНШЫҒА  
ОРЫН ЖОҚ

Парламентке БҚО, Қызыл-тау, Қостанай, Жетісу облыстары орманшыларынан шағым түсті. Өзге өңірдегісі осы кейіпте. Салдарынан жұмысы ауыр, еңбекақысы төмен деп жастар орманшы болғысы келмейді. Орман бар, орын бос, жалақы кем, кадр тапшы.

Жоғарғы палатаға өз кезегінде ауыл шаруашылығы және жануар-

бойы бөлінбеді. Осыған байланысты Экология және табиғи ресурстар министрлігі жергілікті әкімдіктермен бірлесіп, басқа бағыттардың шығысын қайта бөлу және үнемдеу арқылы ол соманы жергілікті бюджеттер есебінен алуды пысықтады. Осылайша, биылғы жыл соңына дейін орман мекемелерінің қызметкерлеріне көзделген үстемеақылар толық көлемде төленеді, — деп кезекті уәдесін берді Р.Скляр.

Оның айтуынша, Ақтөбе, Алматы, Қостанай, Павлодар, Атырау, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Жетісу, Ұлытау облыстарында қаржыландыру кешіктірілген. Оларға бюджетті қайта бөлу және үнемдеу есебінен жыл соңына дейін толық төлеу тапсырылыпты.

Бұл мәселеге қатысты Премьер Олжас Бектенов те сенаторларға түсініктеме берді. Оның айтуынша, жоғарыда аталған жұмыскерлердің, орман өрт сөндіру стансаларының өртке қарсы қызметінің барлық қызметкерінің, оның ішінде маусымдық қызметкерлердің лауазымдық жалақысының 100%-ына дейінгі мөлшерде қосымша ақы белгіленді.

Бұдан бөлек, Экология және табиғи ресурстар министрлігі мен салалық кәсіподақ арасындағы салалық келісім аясында штатқа кіретін заңгерлер, экономистер, бухгалтерлер сияқты қалған әкімшілік қызметшілерге және штаттан тыс жұмыскерлерге 70% үстемеақы көзделген. Алайда осы үстемеақының бәрі бюджет қаражатын үнемдеу және тауарларды өткізу есебінен төленуге тиіс. Республикалық бюджеттен арнайы бөлінген қаражат жоқ.

Мұндай жауапқа депутаттар жабықты, жұмыскерлердің ұнжырғасы түсті. Елдегі барлық орманшыны азды-кем жарылқау үшін қосымша 10 млрд теңге қажет екен, Үкіметтегілер ондай қаржы республикалық бюджетке жоқ дейді. Сонымен бір мезгілде АЭС салу туралы референдумға республикалық бюджеттен биыл 15,5 миллиард теңге бөлінгені жарияланды. Демек, қаласа, табар еді.

Премьердің дерегіне, осы келісім шенберінде Экология министрлігі 2023 жылы өз бюджетінен мемлекеттік табиғат қорғау ұйымдарының 4 636 қызметкеріне шамамен 1,1 миллиард теңге қосымша ақы төледі.

Қорыта айтқанда, Президенттің тапсырмасымен, орман шаруашылығы қызметкерлеріне бір рет үстемеақы түбі қосылады. Бірақ соның өзінде олардың жалақысы төмен болып қала береді. Ендеше болашақта орман шаруашылығы жұмысшыларының жалақысы тағы арта ма?

— Еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес олардың жалақысын көтеруді мектеп, аурухана және басқасы сияқты барлық бюджеттік ұйым үшін кешенді түрде қарастырыған жөн. Орман мекемелерінің әкімшілік қызметшілерінің жалақысын жеке көтеру қосымша пысықталатын болады, — деп қысқа қайырды О.Бектенов.

Ұлттық статбюро дерегіне, Қазақстанның бүкіл территориясының небәрі 11%-ы орманмен көмкерілген. Оның өзінде жартысына жуығын — 4,9%-ын сексеуіл тоғайлары құрайды. Осы аз қазынаны қызғыштай қору жүктелген орманшылардың бүгінгі ахуалы мәз емес. Оларға мемлекеттің лайықты құрмет-қошемет көрсете алмағаны өкінішті.

Елдос СЕНБАЙ

## МӘСЕЛЕ

16 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

**А** Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,  
Ақмола облысы

Қолдағы бар байлығы – баспаналары орналасқан жердің «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің меншігіне өткелі жатқаны жайлы суыт әрі жайсыз хабар осыдан бір айдан астам уақыт бұрын ғана елді дүрліктірген. Тұтас жергілікті мемлекеттік органдардың қатысуымен үй-үйді аралап өткен комиссиядан ғана алғаш рет жерден айырылатындары жайлы хабар естіген халық өзінің қолда бар байлығы – жер үлестеріне заңды құқықтары барын айтып, бұл күмәнді шешімнің алынып тасталуын талап етіп отыр.

Тұрғындардың облыс әкіміне жолдаған ресми өтінішіндегі мәліметтеріне сенсек, жергілікті билік «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің меншігіне кезінде ұлттық парктен халыққа сату үшін алынған мыңнан астам жер учаскесін кері қайтарға тиіс. Бірақ тұрғындардың бұл шешіммен ешқашан келіскісі жоқ. Олар бұл жерге толықтай заңды құқықтары бар екенін, сондықтан соңына дейін күресіп билік органдарынан болған жағдайға ресми жауап беруін өтінеді. Облыс әкіміне жолданған хатта тұрғындар халықтың конституциялық құқығының бұзылғанын алға тартады.

– Біз, қарапайым халық бұл шешіммен келіспейміз әрі өз жеріміз үшін биліктің заңсыз әрекетімен жерімізді тартып алуына мүмкіндік бермеу үшін соңына дейін күресуге әзірміз. Қалыптасқан жағдайға түсініктеме беруді сұраймыз. Меншік иелеріне хабарламастан әрі олардың келісімінсіз қандай негізде халықтың тағдыры шешілмек? Бізге бермей отырған тізім қалай құрылған? Конституцияның 26-бабында жекеменшік мүліктің заңмен қорғалатыны және оған қол сұғылмайтыны тайға таңба басқандай көрсетілген. Ешкім өз мүлкінен сот шешімімен айырылмауы тиіс. Сізден прокуратураның шешімінің күш жойғызып, біздің жер учаскелерімізді, үйлерімізді, шаруашылық құрылыстарымызды Щучинск шипажайының бас жоспарына кіргізуді өтінеміз. Тізімде тұрған барлық меншік иелерін қалыптасқан жағдаймен

Курорттық аймақтағы бірнеше емдеу-сауықтыру шипажайында тұратын халықтан маза кеткен. «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағында орналасқан мыңнан астам жер учаскесінде орналасқан тұрғындар ұрпақтан-ұрпаққа ауысқан жерінен айырылып қалуы мүмкін. Дабыл қаққан тұрғындар меншікті жерлері ұлттық парктің иелігіне кететіні жайлы хабарды жақында ғана естіген. Бейқам жатқан халықтың ащы наразылығын туғызған оқиғадан кейін халықтың көңіл күйі түсіп кетті.

## ЖҰРТТЫ ШУЛАТҚАН ЖЕР дауы



таныстырып, Щучинск қаласы, Бурабай кенті, Светлый, Щучинский шипажайларының шекарасының күшін жою туралы мәслихат шешімі мен прокуратура қаулысын халыққа ұсынды сұраймыз, – делінген хатта.

Облыс әкіміне жолданған өтініште тұрғындар Ақмола облысы прокуратурасы өзінің әрекетімен ондаған жыл бойы жекеменшікте тұрған Бурабай, Щучинский, Светлый және Щучинск қаласының бір бөлігі-



**Жергілікті сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы құжаттарды облыстық прокуратурадан алуға болатынын айтады.**

не дейінгі жер учаскелерін біржақты шешіммен тартып алынатыны туралы хабар алғанын жазған.

– Осы жылдың 15 қазанында түскі үзілісте жұмыстан үйге келдім. Үйдің алдында сегіз адамдық комиссияның келгенін көрдім. Құрамында «Бурабай» МҰТП-ның бас инженері, жергілікті орманшы, БТИ қызметкерлері және аудандық Жер қатынастары комитетінің басшысы болды. Қастарына барып мән-жай сұрадым. Жерлеріміз Бурабай МҰТП-ның меншігіне аударылатынын, осы жерлерді тексеру үшін келіп тұрғанын айтты. Әрине, мұндай суыт жаңалық төбемнен сүп-суық суды құйып жібергендей әсер етті. Қолдарында жүрген тізім өте үлкен. Бізді онымен танысу үшін де көрсетпеді. Дәл келесі күні-ақ Бурабай ауданы әкімінің қабылдауына жазылдым. Ұйымдасып

хат жазып, шұғыл түрде бетпепет кездестік. Бастапқыда әкім біздің уәжімізбен келіскен ынғай танытқанымен, кейін бірден пікірін күрт өзгертіп алды. Тізімді кім жасағанын, мұндай шешім қалай шыққанын, шипажай ашылғалы бері жекеменшік сектор болған жердің неге осылай өтетіні жайлы барлық мәліметті сұрадым. Әкім нақты жауаптан жалтарып, тексеріс жүргізілетіндіктен, ешқандай құжат берілмейтінін, жердің «Бурабай» МҰТП меншігіне өтетінін жеткізді. Мұнымен қоса, қазанның 17-сі күні жазған хатыма әлі жауап берген жоқ. Күнде «ертеңмен» тойдырып жүр. Біз одан кейін «Бурабай» МҰТП басшысымен де барып әңгімелестік. Олар бұл тексерісті өздері жасамағанын айтып ақталды. Біз заңды түрде жерді ала алмайтынын, бірақ құпия жасалған карта барын, ал жер басқа картамен мәслихат арқылы берілгенін айтады. Олар осы мәслихат шешімінің күшін жоймақ. Осылайша, жергілікті атқарушы орган да ештеңе істей алмайды. «Егер тізімде өз тегіңіз бар-жоғын білгіңіз келсе, Бас прокуратураға жүгініңіздер» дейді. Ал осынша халық Бас прокуратурадан өзінің тегі бар-

Тұрғындар өздері тұратын шипажайларда ешқандай кәріз де, ауызу да жоқ екенін алға тартты. Сондай-ақ абаттандыру да жергілікті биліктің есінен шығып кеткен.

– Бізде су да, кәріз жүйесі де жоқ. Жергілікті биліктен жалынып сұрап жүріп осыдан бес жыл бұрын жылу жүйесіне әрен қосылды. Әр жер учаскесінде тұратын адамдар шағын монша, душ, әжетхана салып алған. Осындай жағдайда өмір сүруге мәжбүрміз. Осының өзін тартып алғылары келеді. Бұл жерлер бізге тұрғын үйге қызмет көрсету үшін берілген ғой, – дейді Бурабай ауданының тұрғыны Татьяна Неведрова.

Жергілікті сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы құжаттарды облыстық прокуратурадан алуға болатынын айтады.

– Бізге күн сайын жер учаскелерінің игерілген яки игерілмегенін анықтау жөнінде мониторинг жүргізу туралы тапсырма түседі. Ол жерде қонақүй, тұрғын үй, басқа да нысандардың бар-жоғы тұрғындардың тұратын немесе тұрмайтыны жөнінде қазір мониторинг жасап жатырмыз. Әзірге соңғы нәтиже шыққан жоқ. Қазір біз жауап күтіп отырмыз. Тізім облыстық прокуратураның тексерісі кезінде жасакталды, – дейді Бурабай аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Жасқанат Дүйсенбаев.

Тұрғындар көтерген шудан кейін түйткілді мәселеге арнайы жауап беру үшін Ақмола облысы прокурорының орынбасары халықпен кездесіп, арнайы жиын да ұйымдастырды.

Жиын жүргізген облыс прокурорының орынбасары Марат Бактыбекұлы тізімнің тек тексеріс жүргізу үшін жасакталғанын атап өтті.

– Бұл тізімге сіздердің жерлеріңіз қосылған немесе қосылмағанында ешқандай айырмашылық жоқ. Бұл тек тексеріс үшін жасалған. Яғни, тиісті орган, яғни біз қарсылық білдіріп ұсыныс жасаймыз. Жергілікті атқарушы орган осы тізім бойынша тексеріс жүргізеді. Егер жер учаскелері бос болса, онда ол мемлекеттің пайдасына тәркіленіп алынады. Егер жер учаскесі жекеменшікте болып, онда құрылыстар салынса, ол жер учаскесін ешкім тартып алайын деп отырған жоқ, – дейді Ақмола облыстық прокурорының орынбасары.

P.S.

**Қоғам арасында аса үлкен әлеуметтік резонанс тудырған курортты аймақтағы жер дауы прокуратура өкілдері барып қайтқанымен, әлі тыншыған жоқ. Қазір аталған іс бойынша сот процестері басталған. Істің қалай шешілетіні әзірге беймәлім. Түйткілді мәселені шешуде бірінші кезекте тараптар арасында өзара келіссөз жасалу қажет сияқты...**



## ПАРАСАТ

16 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

Астанадағы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде журналист, ғалым, профессор, Бас редакторлар клубының бірінші вице-президенті Мұратбек Тоқтағазиннің асқаралы алпысқа толған мерейтойына орай «Журналистика мен қазіргі медиакоммуникация парадигмалары: теориялық және практикалық мәселелері» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

**Тілегүл  
ЕСДӘУЛЕТ**

Замандастары мен қаламдас-тары тынымсыз Тоқтағазин атап кеткен Мұратбек Балқыбекұлының өмірін өнегеге айналдырған шығармашылық және күрескерлік жолын тәлімгерлік-тәжірибелік сипатта өрнектеген жиын мазмұнға бай, мәні мен сәні жарасқан сырлы естеліктерге толы болды.

Жиынға Мәдениет және ақпарат, Ғылым және жоғары білім министрліктерінің, TURKSOY Түркі мәдениетін және өнерін дамыту халықаралық ұйымының, Қазақстан Жазушылар одағының өкілдері, отандық және шетел университеттерінің профессор-оқытушылары, БАҚ басшылары мен студент жастар катысты.

Конференция шымалдығы мерейтой иесін құттықтауға толассыз келіп жатқан толайым тілектерге толы хаттар легімен ашылып, қазақтың жыр-дастандарына құлақ құрышын қандырып, уызынан жарып өскен Тоқтағазиннің журналистік және шығармашылық жолындағы күрескерлік соны соқпағына арналды.

Ізденіске толы қажырлы еңбек жолында Мұратбек Балқыбекұлының ұлт ұпайын түгендеп, қаламды қару еткен кездері, бел шеше кірісіп, белсене шешкен мәселесі көп деседі, әріптес, дәуірлес достары. Мәселен, Еуразия ұлттық университетінің ректоры Ерлан Сыдықовтың Құттықтау хатында «Мұратбек Балқыбекұлы Тоқтағазин – белгілі журналист, ғалым, алғашқы журналистік қызметі дәл осы өңірдегі «Арқа ажары» газетінен бастау алды. Аға басылым «Социалистік Қазақстан» газетінің бұрынғы Целиноград (Ақмола) облысындағы меншікті тілшісі бола жүріп, астанамыздың бұрынғы қазақша атауының қайтарылуына зор еңбек сіңірген. Мұратбек Балқыбекұлы 2010 жылы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Әзілхан Нұршайықов шығармашылығындағы деректік негіз және көркемдік сипат» атты



## МҰРАТБЕКТИҢ МЕРЕЙІ

тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Мұратбек Балқыбекұлы журналистикадағы Халықаралық ақпараттандыру академиясының, Еуразиялық Телевизия және радио академиясының, Қазақстанның Гуманитарлық ғылымдар академиясының толық мүшесі (академигі), Ресей Жаратылыстану академиясының корреспондент-мүшесі, Масс-медиа зерттеушілерінің Ұлттық қауымдастығының, Бас редакторлар клубының мүшесі. Айта берсе, Мұратбек Балқыбекұлының кәсіби маман, ғалым, азамат ретінде қол жеткізген табыстары ұшан-теңіз» деген жолдар бар. Осындағы «... астанамыздың



бұрынғы қазақша атауының қайтарылуына зор еңбек сіңірген» деген сөйлемнің астарына үнілсек, тәуелсіздік тынысы әлі де тұншыға тыныстап тұрған тұста «Ақмола атауы үшін айқас» атты мақаласының Жоғарғы Кеңес төралқасының 1992 жылғы 6 шілдедегі «Орал, Целиноград, Шымкент облыстары мен Целиноград қаласының тарихи атауларын қалпына келтіру туралы» қаулысына қалай түрткі болғанын көреміз.

Ал Мұратбек Балқыбекұлы туралы бір нанды бөліп жеп, бір бөлмеде тұрған үзегілес досы, ғылыми жетекшісі, әріптесі,

Президент кеңесшісі, Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бауыржан Омарұлының айтары бөлек, тілегі ерек екен. «Мұратбек Тоқтағазин эволюциясы: Студент. Журналист. Зерттеуші» тақырыбындағы баяндамасын «ғылыми конференциядағы ғылыми емес баяндама» деп, достық әзілге сүйей бастаған Бауыржан Омарұлы:

«Бүгін 60-қа келіп, алтын бау тағып отырған Мұратбек Тоқтағазиннің өмірі мен шығармашылығының өзіндік эволюциясы бар. Оны үш ағысқа бөлуге бола-

ды: Студент. Журналист. Зерттеуші. Ал сіз қайраткерлігі қалып қойды ғой деп дау айтарсыз. Келісеміз. Бірақ оның қайраткерлігі мектепте жүргенде-ақ басталып кеткен сыңайлы. Сондықтан жаңағы біз айтқан үш арнаның үшеуі де қарымды қайраткерлігінің қалтасында тұрады...», – деп қаламгерлік жолынан бұрын қайраткерлік қарымы қалыптасқан М.Тоқтағазиннің жыбырлақ, тынымсыз, жылдам, ширақ, өр болмысын Б.Омарұлына ғана тән өрнекпен өріп берді. «Өмірді көргің келсе, өңірге кет» деп қазақ баспасөзінің маркастары Ақселеу Сейдімбек пен Жомарт Әбдіхалықов екі қолынан жетектеп, арқаға алып келген М.Тоқтағазиннің тың идеяларымен тың өлкесіне тың серпін әкеліп, орысы көп сарыдаланын қазақыланып, қазақтың Астанасы болуына қосқан үлесі туралы Бауыржан Омарұлы тамаша баяндап берді.

Тоқтаусыз ізденіс, толассыз еңбектің арқасында Токта-

атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

2011 жылдан бастап ЕҰУ-дың Баспасөз және баспа ісі кафедрасының доценті, соңғы 6 жылда профессоры ретінде журналистиканың, көсемсөздің өзекті мәселелерін кешенді зерттеп, 2 монография, 2 оқу құралын баспадан шығарып, 10 ғылыми жинақтың құрастырушысы, жауапты редакторы болды. 80-нен астам ғылыми-зерттеу мақалаларын Қазақстанның, Беларусь, Ресейдің және басқа шетелдердің ғылыми журналдарында, халықаралық басылымдарында жариялады. 2018 жылдан бастап әдебиеттану саласы бойынша қауымдастырылған профессор. Әлемдегі ірі библиографиялық және реферативтік Web of Science, Scopus деректер базаларында 5 ғылыми мақаласы жарияланды.

Алпыстың асқарында ғибратты ғұмыр иесін атанған М.Балқыбекұлына туралы филология ғылымдарының докторы, Ұлттық ғылым акаде-

**Тоқтаусыз ізденіс, толассыз еңбектің арқасында Тоқтағазиннің қаламынан журналистиканың әртүрлі жанрында жазылған 300-ден астам материал жарияланды.**

ғазиннің қаламынан журналистиканың әртүрлі жанрында жазылған 300-ден астам материал жарияланды. «Деректілік пен көркемдік», «Ақмола үшін айқас», «Кітап басу ісіндегі коммуникативті саясат және жарнама», «Эпистолярные жанры в публицистике Беларуси, России и Казахстана», «Замансөз заңғары» атты кітаптары жарық көріпті. Мектеп қабырғасында жүріп-ақ республикалық басылымдарда сүбелі-сүбелі материалдары шығып, көзіқаракты оқырманға белгілі бола бастаған М.Балқыбекұлы 2000 жылдан бастап өндіре жазып, ғылым жолындағы соны соқпаққа түсті. 2010 жылы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Қазақстанның Халық жазушысы Ә.Нұршайықовтың туындылары негізінде «Әзілхан Нұршайықов шығармашылығындағы деректік негіз және көркемдік сипат»

миясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Уәлихан Қалижанұлы Қалижан «Тұлғаға айналған Тоқтағазин» десе, жазушы, журналист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қайсар Әлім «Әзілхантандудың зерделі зерттеушісі» деген баға берді.

«Массмедианы зерттеудің теориялық мәселелері және БАҚ коммуникациясының заманауи парадигмалары», «Отандық және әлемдік медиа кеністік: дәстүрлер мен трансформациялар», «Тұлға зертханасы: Қазақстан және шетел журналистерінің, жазушыларының шығармашылық тәжірибесі» тақырыптарына бағытталған конференцияға онлайн қатысқан шетел ғалымдары да Мұратбек Тоқтағазиннің шығармашылығын жас ізденушілер үшін адастырмас темір-қазық деп атап өтті.

## ТҰЛҒА

16 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ



Ілияс  
Жансүгіров.

Сырбаз, парасатты  
қалам иесінің өлеңі де өзгеше,  
өмірі де бөлек болғаны белгілі.

Сөзден сұлу сарай тұрғызған ақын  
этнограф болған ба? Оны біз этнограф  
деп толық айта аламыз. Оның да өзіндік  
себебі бар. ХХ ғасыр басында өмір сүрген,  
сталиндік зұлматтың құрбаны болған қалам  
иесінің шығармашылығы аз зерттелген  
жоқ. Десек те, Әуезовше айтқанда, «Дала,  
«Күйші», «Құлагер»... Осы үш поэма тұсында  
қазақтың Абайдан кейінгі поэзиясы аса  
биік ірі сапа табатыны» даусыз.

# СОҒАЙЫН СӨЗІМНЕН

*Бір сұлу сарай*

Гүлзина  
БЕКТАС

## «ТАУ СУЫНДАЙ СЫЛДЫРЛАП»

Бұл туралы ғалым Рымғали Нұрғали былай деп жазады: «қазақ жана әдебиетінің бастау қайнарында тұрған құдіретті талант иелерінің бәріне тән ортақ асыл қасиет — көпқырлылық. Бұл ерекшелікті ақын, драматург, прозаик Ілияс Жансүгіров шығармашылығынан да көруге болады. Халық өмірін реалистікпен бейнелеген дарынды қалам иесінің әр жанрдағы туындыларының ішінде ерекше жарқырап тұрған оның поэзиясы ұлттық әдебиеттің классикалық байлығының қатарына жатады», — дейді.

Қайраткердің өлеңдеріндегі сұлу сөз, көркемдікті зерттеген ғалым болмаған ба? Соңғы жылдары Ілияс неге көп айтылмай кетті? Айтылса да қайраткердің этнографиясына тоқталған ғалым бар ма? Біз бұл сауалымызды профессор, алаштанушы ғалым Айгүл Исмакова қойғанымызда, ілиястанушылар азайып кеткенін, Ілияс Жансүгіров шығармашылығы соңғы жылдары көп зерттелмей қалғанын айтты. Ғалымның айтуынша, бұл тақырыпқа барған зерттеушілердің бірі — Рымғали Нұрғали. «Ол өзінің Ілияс туралы жазған бір мақаласында айтады. «Ілиястың этнографиясы «Күйші» поэмасында, «Құлагерде» көрініс табады. Совет үкіметі ұлттық құндылықтардың бәрін жоюға кіріскенде Ілияс осының бәрін жазып кетті», — дейді. Ілияс өлеңдерін оқып қарасаңыз, қазақтың ұмытылып бара жатқан атауларын, мәселен, Жетісу өңірінде өсетін гүлдердің атауын санап шығады. Ілияс этнографиясы туралы Рымғали Нұрғалидан кейін ешкім жаза қойған жоқ. Ілиястанушылар да бұл тақырыпқа бара қоймаған секілді», — дейді Айгүл Исмакова.

Рымғали Нұрғали «Соғайын сөзімнен бір сұлу сарай» деген мақаласында: «Ілияс көкірегіне жас күнінен бастап ән мен жырдың, өлең мен күйдің небір асыл нұсқалары ұялаған», — деп жазады. Ғалымның бұл сөзінің растығына Ілияс мұрасын парақтағанда көз жеткізетініміз анық. Тілі орамды, құйма құлақ, зерек Ілияс ұлттың ұлттық дүниесін, яғни «көпі киген қазақтың қара өлеңін шекпен жауып өзіне қайтарғанын» байқайсыз.

Рымғали Нұрғали жазбасынан байқағандай, Жансүгіров өлеңдерінде табиғат-



тың көркемдігі ерекше көрініс табады. Ғалым жазбасында: «Ақын Ыстықкөл, Балқашкөлді, Шу, Іле, Шелек, Көксу өзендерін, тауасты, қиын жынысты өзенкөлді мекен ететін сілеусін, ілбіс, аю, бұғы, бұлан, қасқыр, шиебөрі, қарсақ, сусар, бұлған, жанат, тау теке, арқар, құлжа, қарақұйрық, марал секілді аңдарды, тасқара, балта жұтар, ақбас құмай, бүркіт, лашын, тұйғын, қырғи, құрмықи, ителгі, тұнжыр, тынар, тұрымтай, бидайық, тығанақ, үкі, құладың, бұлбұл секілді құстарды, шымшық, шөже, тоқылдақ секілді торғайларды өлеңге қосады. Ал мұнда айтылатын ағаш, шөп атаулыдан тұтас ботаникалық бауды толтыруға болатындай, олар: қарағай, тал, долана, ұшқат, шетен, ырғай, арша, қызыл қайың, ақсадық, барша, шынар, шығанақ, сөңке, терек, сөгет, емен, үйенкі, шығрай, тораңғы, сарыағаш, қойқаракат, жиде, тобылғы, түйеқұйрық, бауырқұрт, қараған, шеңгел, шілік; сарыкүйік, тауқонақ, шәйшөп, маңқа, құлынембес, сүттіген, енлік, мейіз, киізқиқ, ақшалғын, көкемарал, бетеге, раң, жапырақ теңге, балдырған, у қорғасын, шүлкеуір, шырыш, шытыр, мықтамыр, жуа, рауғаш, жаушыпырақ, балауса, сорғыш, селдір ермен, бақ-бақ, сыбызғы, жалбыз, құлмақ, қарақияқ, шоқайна, мендуана, сора, шақпақ, қурай, шырмауық, кендір, қылша, жыланқияқ, қоға, жуа, сарымсақ, қымыздық, қызсаумалдық, қалақай, құстандай т.б.» туралы мысал келтіреді.

Қалай тандай қақпайсың? Мына атаулардың көбі қазір ұмыт қалғаны рас. Ғалым Рымғали Нұрғали айтқанындай, Ілияс Жансүгіровтің жазушылық кемелденуінің сапалы бір белгісі қазақ халқының өмірін, өткен оқиғаларды бейнелегенде даму, өзгеріс процестеріне тарихи тұрғыдан қарап, әлеуметтік-қоғамдық проблемаларды жеке адамдардың тағдыры, нақты, реалистік көркем тұлғалар арқылы бейнелеуінен көрінеді. Осындай туындының бірі «Күйші» поэмасының оқиғасына автор араласпай, сюжеттің табиғи ағысына жол берсе, «Құлагер» (1936) поэмасының көркемдік құрылысында құнарлы өзгешеліктер, тынбай ізденген өрен жүйрік суреткер тапқан тамаша жаңалықтар, эстетикалық игіліктер бар. Мойындауымыз керек.

## «ТАСҚЫНДА, ТАУ СУЫНДАЙ, КӨҢІЛ ЖЫРЫ»

«Ілияс Жансүгіров — тұңғық терең тұлға. Ол — 44 жылдық қысқа ғұмырында ұлт әдебиетінің бар жанрына қалам тартып, жаңа түр, жаңа жанр тудырып, көркем ойдың арнасын кеңейткен әмбебап қаламгер. Өкініштісі, ақын шығармалары 1958 жылдан бастап қайтадан әдебиетімізге айналдырылса да қызыл құғын жылдарында біртуарымыздың көптеген дүниесінен көз жазып қалыппыз», — дейді ғалым, ілиястанушы Елдос Токтарбай.

Оның айтуынша, Ілиястың ашылмаған, зерттелмеген қыры өте көп.

Ақынның шығармашылығындағы зерттелмей жатқан саланың бірі — этнографиялық еңбектері. «Ілекең қазақ этнографиясын, мәдениетін өлеңдерінде кемеліне жеткізіп жырлап, сыр-сипатын, сынын, табиғатын толық ашып көрсеткен. 1927 жылы шыққан «Беташар» кітабында ақын қазақтың салт-дәстүрлерін суреттесе, 1928 жылы «Сағанақ» кітабында «Ұршық» (жеңгеннің жыры), «Сабын», «Саптыаяқ», «Тас шешей» өлеңдерінде ұмыт қалған дәстүрлерді жаңғыртып, оқырманна насихат қылады. Бұл оның алғашқы өлең кітаптарында көрініс тапқан дәстүр мен тұрмыс-салт жырлары еді. Кейін ақын қазақ балалар әдебиетінің түрлері мен жанрларын тудырып, өтірік өлең, жаңылтпаш, жұмбақ, ырым-тыйым сөз, мазақтама, суреттеме, төрт-түлік пен табиғат атауларына арналған тақпақтарында қазақ этнографиясының озық үлгілерін жасайды», — дейді ғалым.

Ақынның әйгілі «Дала», «Күй», «Күйші», «Құлагер» поэмалары да тұнып тұрған этнография. «Оқырман жүрегінен ойып тұрып орын алған әйгілі поэмаларында қазақтың өзіне ғана тән салт-санасы мен дәстүрі, мәдениеті, көшпелі өркениеті асқан шеберлікпен ерекше суреттеледі. Қазақтың құсбегілік, атбегілік немесе аңшылық қырлары өнер тілінде теңдесіз бейнеленген. Қазақтың жанының жылқымен біте қайнасканын Жансүгірұлы ұлттық психологизм көзімен қарап, бәйге ойыны мен ас беру дәстүрін жеріне жеткізіп жазады. 2024 жылдың маусымында менің жетекшілігіммен «Ілияс Жансүгірұлы шығармашылығындағы этнографиялық мәселелер» тақырыбында магистрлік диссертация жазылып, жоғары деңгейде қорғалды. Осы жылдың соңына дейін Ілияс Жансүгірұлының «Этнографиялық этюд» кітабын шығарамын. Бұл кітапқа ақынның 1921-1937 жылдардағы күнделіктері мен жұмыс дәптеріне жазылған, әртүрлі экспедиция кезінде жазып алған этнографиялық-фольклорлық мұрасы, ойлары мен пікірлері енді. Бір сөзбен айтқанда, Ілиястай дара дарынның қалың қазаққа жетпеген талай саф алтынды мұрасы бар. Соның бәрінің шашауын шығармай, қыздың жиған жүгіңдей қылып оқырманға ұсыну — міндет. Міндет қана емес, азаматтық парыз, зерттеушілік мұрат», — дейді Елдос Токтарбай.

Профессор, ғалым Айгүл Исмакова Ілиястың шығармашылығы соңғы жылдары зерттелмей қалғанын айтқан еді. Елдос Токтарбай да қайраткердің этнографиясы ескерусіз қалғанын жоққа шығармайды. Бүгінде Жансүгіров мұрасын іңдетіп, зерттеп жүргендер де көп көзге шалынбайды. Әйтпесе, Ілияс деген терең мұхит ғой, қазған сайын мол мұраға кенелетініміз анық. Оның табиғат лирикаларының өзі бір бөлек әлем, ол әлемді толық аша қоймағанымыз белгілі. Бірен-саран ғалымдар болмаса, толық шығармашылығы зерттеліп, зерделенген жоқ. Ілияс Жансүгіров мұрасына биылғы 130 жылдығында ерекше мән беруіміз керек еді. Өтпеген-ай, тағы да ұмыт қалдырған секілдіміз. Елдос Токтарбай айтқандай, бұл ғалымдарға азаматтық парыз, зерттеушілік мұрат екенін айтқымыз келеді.

Бір сөзбен айтқанда, біздің жас ұрпақ қазақтың этнографиялық мәдениетінен толық сусындауы үшін Ілияс Жансүгіров мұрасы — рухани зор қазына. Ілиясты терең зерделеген жас буын қаншама ұғым, қанша сөзге қанығады. Ұлт мәдениетін терең түсінетін болады. Қазақты қалыпқа қайта оралады. Сондықтан Қазақстан мектептерінде Жансүгіров жырларына терең ден қоюдың жолын іздеген абзал.



## МЕРЕЙ

16 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

АТАУ  
ҒЫЛЫМЫНДА  
АТЫ БАР  
ҒАЛЫМ

Шерубай Құрманбайұлының қазақ тіл біліміне қосқан үлесі туралы айтқанда, есімі терминологиямен бірге еске түсетіні бар.

Кісіні мақтау қиын. Сондықтан оның ісін мойындасак та жететін сияқты.

Шерубай терминологияны диссертациялық тақырып етіп арнайы зерттеуге алған кезде күмәнді ой көп болды. Жалпы, тіл білімінде сонау заманнан жауыр болған тақырып қой, тіпті қазақ тіл білімінің өзінде ғасырға жуық зерттеу тарихы бар мәселені қаузағаннан не табар екен деп күттік. Нәтижесі күткенімізден асып кетті. Ғ. Мүсіреповтің: «Тіл — ұлттың мәңгілігінің мәңгі мәселесі» дегені бар. Шерубай терминнің де ұлттың мәңгілігінің мәңгі мәселесі екенін көрсетіп берді. «Терминологиялық өріс», «терминдену», «терминжасам», «терминқор», «терминбөлшек», «терминүлгі» деген санаттардың сырын ашып берді. Осы атаулардың қазақ тіліндегі авторы болуға оның толық хақысы бар. Терминологияның даму жолдары, даму қағидаты, қазіргі міндеттері мен оларды шешу жолдары тағы басқа мәселелер Құрманбайұлының еңбектерінде егжей-тегжейлі пайымдалды.

Терминді зерттегеніне қарап Шерубайды жалаң терминолог деуге тіпті болмайды. Термин мәселесіне келгенде, ол — семаиолог, түркітанушы, психотілтанушы, әлеуметтік тілтанушы, прагматолог, грамматист.

Алаш зиялыларының терминологиясын жан-жақты талдап, түгелдей саралап, түгендей тіркеп, оны бүгінгі күн қажетіне орайластырған — Шерубай Құрманбайұлы. Әлихан Бөкейханнан бастап, Ахмет Байтұрсынұлына арнайы тоқтап Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Міржақып Дулатұлы, Қошқе Кеменгер т.б. ондаған қайраткердің терминтүзімін парықтап берді. ХХ ғасыр басындағы лексикография, терминографияны жұртшылыққа таныстырып, түсіндіру қарекеті айрықша атап көрсетуді қажет етеді.

Түркі тілдерінің ортақ терминқорын түзу ісінде қайраткерлік көрсетіп жүрген — осы ғалым.

Шерубай Құрманбайұлының «халықаралық» деп әспеттеп жүрген терминдер турасындағы тұрғысы ана тілін қастерлейтін азаматтардың көкейтесті күйінде.

Қазақ терминологиясы бойынша білім берудің жосығын салған да осы ғалым.

Зерттеулерден, оқулықтан, сөздіктен, библиографиядан тұратын «Қазақ терминологиясы» (Алматы: «Сардар», 2014) атты зор көлемді еңбегі өткен ғасыр мен жаңа ғасыр нәтижелерін түгендей түйіндеген, ғасырға жетер еңбек болды.

Осыған орай мойындауымыз керек: Шерубай Құрманбайұлының зерттеулерінің арқасында бұрын лексикологияның бір тармағы ғана болып жүрген қазақ терминологиясы дербес ғылыми пән, сала болып шықты. Басқа тілтанушылардан бір ерекшелігі — мемлекеттік қызметтегі басшылық лауазымын осы ғылымды дамытуға пайдаланды.

Шерубайдың терминологиямен бірге атау іліміндегі еңбегін де ерекше мойындау керек. Мұны жалпы тіл білімінде «тілдік номинация» деп жүр. Арнаулы атаулар, жаңа атаулар, көпсыңарлы атаулар, қос сөз атаулар, будан атаулар т.б., оларды қолдану жайы — бұлар да Құрманбайұлының қаламы қамтыған мәселелер. Атау болған соң уәжділік мәселесі де тыс қалмайды.

Шерубай Құрманбайұлын аударматанушы ретінде де мойындауға тура келеді. Аударма дегенде, ол көркем аударманы нысан еткен. Әлем классиктерінің шығармаларының қазақ тіліне аударылған нұсқаларын талдаған. Көркем аударманың лингвистикалық мәселелерін талқылауды көздейді. Көркем аударма десек, алдымен аудармаға әдебиеттану тұрғысынан қарайтындардың мәселесі көлдендеп шығады. Олар аударманың тілтанулық аспектісіне әріпқой аудармаға жол ашады; жекелеген тілдік бірлік, жеке сөз, сөз тіркесі, сөйлемге үнілудің салдарынан шығарманың тұтастығы назардан тыс қалады, түпнұсқа идеясы, автордың концепциясы еленбейді деген сияқты сын айтады. Әрине, тіл білімінің бір кезеңдегі даму

денгейіне байланысты бұл сын белгілі бір дәрежеде орынды да болатын. Алайда қазіргі тіл білімінің көтерілген деңгейі бұл қиындықты еңсереді. Қазір тіл білімі жеке сөз, грамматикалық тұлға, сөйлем тағы сол сияқты мәтін деңгейінен қаралады. Мәтін тұтастығы мен байланыстылығын, автор тұрғысын да лингвистика ғылымы саралап бере алады. Аударманы тілдік жағынан қарау дәлдікке, деректі нақтылыққа жол ашады, тілдерді салғастыру арқылы неғұрлым жалпылаушы мәні бар қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Бұл аударматануды заңдылықтарға негізделген объективті ғылыми пән етеді, практикалық мәнін арттырады.

Осыны жат сабағындай білетін ғалым аударманы зерттеудің өзіндік жолын анық тапқан. Ол — аудармадағы сөзжасам құбылысы. Қазақ тіл білімінде аудармадағы сөзжасам алғаш рет арнайы сөз болып отырғанын ескерсек, Ш. Құрманбайұлының «Көркем аудармадағы жаңа атаулар: жасалуы мен қолданылуы» (Астана: Фолиант, 2017. —560.) монографиясын соныға тартқан зерттеу деп санауға болады.

Шерубай Құрманбайұлының лексикографиялық еңбектері бір пара. Бұл оның ғылыми шығармашылығының бір ерекшелігімен орайлас. Оны мен «сөз геологі» деп атар едім. Сөз іздеудің бейнетін ол «сатып алады». Ол бейнеттің зейнетін кешу пешенесіне жазылғандай.

Тіл мәдениеті де назарынан тыс қалған емес. Баспасөз тілін үнемі бақылап отырады. «БАҚ және сөз мәдениеті» кітабы — осының дәлелі. Ел назарын аударып отырған «Сөзтүзер» атты қателер сөздігін түзуге басшылық еткенін де ел біледі.

Абай айтқандай, «сөз танитын кісі болса», Шерубайдың ізі қазақ сөзінде сайрап жатыр.

**Жантас ЖАҚЫПОВ,**  
филология ғылымының  
докторы, профессор

КРЕАТИВТІ  
ИНДУСТРИЯНЫ  
ДАМУҒА ҚАЖЕТ

Кеше Мәжілістің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетовтің жетекшілігімен «Креативті индустрияны дамыту» тақырыбында отырыс өтті.

Жиынға Мәдениет және ақпарат, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Ғылым және жоғары білім, Оқу-ағарту, Әділет, Ұлттық экономика министрліктерінің басшылары мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің өкілдері, сондай-ақ креативті индустрия саласының сарапшылары қатысты.

Отырысты ашқан Асхат Аймағамбетов креативті экономиканың жан-жақты дамуына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ерекше көңіл бөліп отырғанын атап өтті.

— Бүгінгі таңда Креативті индустрияларды дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді. Дегенмен «Креативті индустрияға не жатады?» деген сұрақ әлі күнге дейін толық шешімін таппаған. Әр маман бұл туралы әртүрлі пікір айтады. Бірі креативті хаб құру жеткілікті десе, енді бірі қаржылай қолдау немесе салықтық жеңілдіктер қажет деп санайды. Кейбірі «бізге кедергі жасамасаныздар болды» дейді. Сондықтан бұл мәселені кешенді түрде қарастыруымыз керек, — деді А.Аймағамбетов.

Мәжіліс депутаты Нартай Сәрсенғалиев баяндамасында креативті индустрияның әлеуеті зор екенін айтып, елімізде бұл саланың толыққанды дамымау себептеріне тоқталды.

— БҰҰ креативті индустрияға дизайн, сән, өнер, кино, музыка, медиа, компьютерлік графика және басқа да салаларды жатқызады. Бұл бағыттар бюджетке айтарлықтай табыс әкелуі мүмкін. Бірақ Қазақстанда 2015 жылдан бері салада айтарлықтай ілгерілеу байқалмай отыр. Біз әлемде креативті индустрия бойынша 84-орында қалып отырмыз. Саланы негізінен талантты жеке тұлғалар ұстап тұр, — деді ол.

Bravetalents медиакомпаниясының негізін қалаушы Алмас Жәлі және кино өндірушілердің салықтық және шығын мәселелеріне тоқталып, креативті индустрияны Астана хабына қосу туралы ұсыныс жасады. Сондай-ақ салаға салықтық жеңілдіктер енгізуді ұсынды.

Депутат Ерлан Стамбеков авторлық құқықты мемлекеттік тіркеу мәселесін көтерсе, Жұлдыз Сүлейменова зияткерлік меншік пен авторлық құқық туралы заңнаманы жетілдіру, гранттар бөлу және қаржылай қолдау шараларын нақтылау қажеттігін айтты.

Отырыс барысында айтылған ұсыныстар мен пікірлер Мәжіліс депутаты Нартай Сәрсенғалиев жетекшілік ететін жұмыс тобында талқыланатын болады.





16 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

Жұртты таңдай қақтырып, махаббат тақырыбында дүниеге келген әндер тарихы біз үшін қашан да қымбат. Мәселен, композитор Тұрдықылыш Ізтаевтің кеудесін жарып шыққан, ел арасында кеңінен таралған әйгілі әсем ән – «Нурикамал». Жақында ғажап әннің тууы туралы фильм кинотеатр экранына жетіп, көрерменге ұсынылды. Режиссері – Ернат Байұзақ «Нурикамалды» көрген көрерменнің пікірі алғашынан-ақ қақ жарылды. Шығармашылықтағы Муза мен өмірдегі махаббатты шатастырмауды, өнердің биігін, парасат пен адалдықты идея мазмұнына кіргізген кино режиссерімен сұхбаттасқан едік.

**Ернат БАЙҰЗАҚ,**  
режиссер:



материал бар екенін айтамыз. Өйткені фильмге кірмей қалған көп қысқа сахналар бар. Нарықтың кинотеатрдың талаптарына байланысты қолда бар деректерді қысқартуға тура келеді. Негізі, 120 минуттық мелодраманы көрерменге көрсету, түсіндіру қиын. Сондықтан жаңағы айтқанымдай, телеарна немесе сайттар көрсететін болса, киноға кірмей қалған артық материалдардан 4 сериалы фильм түсіріп береміз деп едік. «Нурикамал» әнінің шығу тарихында кейіпкерлердің жеке өміріне қатысты көптеген шытырман оқиға бар. Бұл киноны сол замандағы қазақ мәдениетіне байланысты Нурикамал Сейітжанова апамыздың тарапынан да көрсетуге болады, Тұрдықылыштың да жеке композиторлық жұмысындағы мәселесі мен дирижер ретінде ашылмай қалған бейне көп, Ханбибі апаның да ақындығы, «Қазақ тілі» қоғамына қатысты көрерменге жетпегені көп. Қысқасы, екінші маусымын түсіруге мате-

келуге қорқатыны да сондықтан болар. Шыңтуайтына келгенде, мелодрама, драма жанрын әлі де дұрыс қабылдай алмай жатырмыз. Былай қарасаңыз, эфирде 3-4 сағаттап жүретін бағдарламалар бар. Сондай бағдарламаларды көрген қоғам жеңіл-желпі фильмдер көріп үйренген шығар. «Нурикамал» сияқты фильмдерді көруге дайын емес шығар деп ойлаймын. Сондықтан сатылым керемет деп айта алмаймын. Бірақ «Әнді сүйсең, менше сүй» деген сияқты әнді сүйген көрермен, сөзге сенген, ән тындап өскен, театр мен спектакльдің құнын білетін, жалпы өнерді бағалайтын көрермен көріп жатыр. Ал жалпақ көрермен, соның ішінде жастар жағы дұрыс түсініп көре алмайтынын мойындауымыз керек.

Көрермен өзіне керегін алады, керек емесін сол жерде қалдырады. Эмоциясымен бөлісіп жатқандар да бар. Яғни, кино емес, психологиялық тренинг деп қабылдап қалған болуы керек. Өмірдегі нағыз шындық осы деп қабылдағаны да бар. Кино – өнер, бір жағынан көркем шығарма болған соң, кейбір жері музыкамен, кей жері диалогпен әсіреленіп, драмалық сахналармен күшейтіледі. Сондықтан көрермен қандай ой айтса да, шынайы реакциясын көрсетіп жатыр. Бұрын «Қыз Жібекті» түсіргеннен кейін біраз көрермен Бекежанды ойнаған Асанәлі Әшімов ағамызға көзқарасы өзгерді ғой. Сол сияқты актерге, фильмге қатысты айтылатын пікірдің бәрі қалыпты жағдай деп ойлаймын.

– Мелодраманы дұрыс түсінбегенін көрерменнің өзіне артып қойғанымыз дұрыс па? Әлде, актерлерге шынайылық жетіспеді ме?

– Актерлер өзіне қойылған тапсырманы толық алып шықты. Мысалы, Тұрдықылыштың рөлін сомдаған Олжас Дәлелханұлы өмірде де композитор, музыкант, актер. Ханбибінің рөліндегі Гүлбахрам Байбосынова, Нурикамал образындағы Фариза Ескермес менің ғана емес, көрерменнің де көңілінен шыққан актерлер. Меніңше, кей көрермен мұндай фильмге баруды жөн санамады. Бұл – өздерінің талғамы. Актерлер тандаған кезде өздері сомдайтын рөлге ене алатындай таңдаймыз. Бірақ Гүлбахрам Ханбибі апамыз сияқты ақын болмаса да, дайындық кезінде ақынның қаншама өлеңін, эсселерін оқыды. Бірақ дәл Тұрдықылыштың образын алып шыға алатындай музыкант таңдадық. Режиссер болған соң, талантты кейіпкерді табуға тырысамыз ғой. Өмірлік ұстанымдары да ұқсас болғаны ұтымды шешім. Ал біздегі ең ұтымды шешім – Тұрдықылыштың образын алып шыққан Олжас Дәлелхан.

– Рақмет!

Әңгімелескен  
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

## КЕЙ КӨРЕРМЕН «НУРИКАМАЛДЫ»

# КӨРҮТЕ

## ДАЙЫН ЕМЕС

– Ернат мырза, режиссер фильмді қалай таңдайды? «Нурикамал» әнінің туғанын білеміз, ал кинотуынды қалай туды?

– Фильмнің тақырыбын таңдау – әр кезде әртүрлі. Кейде режиссер өзі таңдап, инвесторға ұсынады. Кейде керісінше кетеді, инвестор өзі таңдап ұсынуы мүмкін. Біздің жағдайда сценарист Қанат Рамазан екеуміз «Нурикамалдың» идеясын инвесторға ұсынғанымызда бірден қолдады. Негізі, бұл тақырыпты айтып жүргеніміз екі-үш жылдың шамасы болды. Орайы енді келген екен. Егер демеушілер бізге қолдау көрсетпегенде мүмкін басқа тақырыпты таңдар ма едік? «Нурикамал»

апаның алдына барып рұқсаты мен батасын алып қайтқанбыз. Одан кейін бірден сценарий жұмыстары мен түсірілімге кірісіп кеттік. Оқиға желісі ақынның өзі айтқанымен түсірілді. Барынша шындығын айтты. Киноға кірмей қалған, киноның, экранның эстетикасына сай келмейтін оқиғалар бар ғой. Өмірден алынғандықтан, кейбір ашы шындық пен



киносының сценарийі екі айдай жазылды, дайындық жұмыстарына да екі ай кірісіп, түсірілім 20 күнге созылды.

– Был Ханбибі Есенқаракызының 75 жас мерейтойы ғой. Кино мерейтойға орайластырылды ма, сәйкестік пе? Түсірілімге кіріспес бұрын Ханбибі апамен әңгімелескен шығарсыздар?

– Бұл – таза сәйкестік. Шыны керек, ол кісінің мерейтойы болатынынан хабарымыз болмады. Бірақ кино түсіретіннің алдына Ханбибі

келеңсіз оқиғаны кинода көрсетуге болмайды. Ханбибі апамен жолыққанымызда бізге сенетінін айтып, одан кейінгі жұмысты бізге сеніп тапсырды. Сөйтіп, кино дайын болғанда бір-ақ көріп, көңілінен шыққанын айтты. Сценарийді оқытуымызға болатын еді, бірақ бұл фильм жеке тапсырыс емес. Ханбибі апаның жеке өмірі болғанымен, кейіпкерлер ішінде Тұрдықылыш ағамыз бар, Нурикамал басқа да біз қосқан кейіпкерлер бар. Ханбибі апа фильмге жақсы

бағасын берді. Өзінің образын сомдаған актрисаға өзінің мінезін қосқанын айтып, фильмді ұнатқанын жасырмады.

– Кинода кей кейіпкерлердің образы толық ашылмаған сияқты. «Нурикамал» жалғасын табам?

– Сұхбаттарымда айтып жүрмін, қазір билет сатылымы кинотеатрларда жүріп жатыр. Ол тоқтағаннан кейін мемлекеттік емес телеарналар не сайттар алып көрсетеді. Соларға кинотеатрда көрсетілген 1,5 сағаттан көп

«**Кино – өнер, бір жағынан көркем шығарма болған соң, кейбір жері музыкамен, кей жері диалогпен әсіреленіп, драмалық сахналармен күшейтіледі. Сондықтан көрермен қандай ой айтса да, шынайы реакциясын көрсетіп жатыр.**»

риал әбден дайын. Оны жазып басқаша қырынан көрсетуге болады. Қалай десек те, бәрі көрерменнің сұранысына байланысты болмақ.

– Қазір көрермен пікірі екіге бөлінген. Киноға сын айтқандар неге көбейді?

– Ойымша, қазір сатылым жағы керемет емес. Өйткені шынында көрермен пікірі қажарылды. Көзге шөп салушылықты романтизация жасап, соны насихаттайды дегендер де болды. Мұндай пікір қазіргі өзекті мәселенің біріне айналған отбасындағы әлеуметтік жағдайлардан айтылған шығар деп ойлаймын. «Нурикамалға» кей әйелдің жұбымен бірге

## ТАНЫМ

16 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ



Арал теңізі аумағындағы «Барсакелмес» мемлекеттік табиғи қорығы жайында ел арасында кезіп жүрген аңыз-әпсаналар аз емес. Әлем бойынша экологиялық апат аймағында орналасқан бұл қорықта бір кездері құландар көші сап түзегенін көзкөрген қариялар жиі айтты отырады. Тұмса табиғат ошағы болған бұл мекен жайында халық аузында жүрген таңғажайып оқиғалар өз алдына бір төбе.

**А** Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,  
Қызылорда облысы

Дерекке сәйкес, ең алғаш 1929 жылы Барсакелмес аралында Союзпушнина аншылық шаруашылығы құрылыпты. Ол уақытта қорықтағы жануарлар әлемін бағалы аңдар және құстар әлемімен байыту мақсаты тұрды. Соған орай мұнда ірі құм баллақтары, акбөкендер мен қарақұйрықтар әкелінген. Тіпті, құм балпағының кәсібі ашылған. Осылайша, 1939 жылы сол кездегі Қазақстанның Кеңестік Халық

Комиссариатының 10.12.1939 жылғы №973 қаулысымен «Барсакелмес» мемлекеттік қорығы құрылған. Сол кезеңде қорық жұмысын тұяқты жануарларға бағыттап, оның ішінде ең әуелі құландарды жерсіндіру ерекше маңызға ие болды.

«Негізінен, Барсакелмес қорығы Арал теңізінде болып жатқан көптеген процесті түсінудің моделі болып саналады. Арал теңізі тартылғанымен, бұл қорық – қазақстандық типтегі шөлейтті экожүйелері бар жалғыз қорғалатын аумақ және Солтүстік Арал теңізі маңы табиғатының эталоны болып қала берді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 шілдедегі №484 қаулысына сәйкес «Барсакелмес» мемлекеттік табиғи қорығының көлемі Сырдария

# Барсакелмес – ҚҰЛАНДАР мекені

өзенінің Кіші Арал теңізіне құяр сағасындағы Дельта учаскесін қосу арқылы ұлғайды. Бүгінде қорықтың жалпы аумағы – 163 126 гектар. Қазір Барсакелмес қорығы 3 кластерлік учаскеден тұрады. Атап айтқанда, Барсакелмес учаскесіне қорықтың бұрынғы аумағы (16 795 гектар) мен теңіздің кепкен табаны кіреді. Оның жалпы ауданы – 50 884 гектар. Бұдан өзге, Қасқақұлан учаскесі – құландардың қазіргі кездегі мекен ету орны және теңіздің кепкен табанында өсіп шыққан табиғи сексеуіл тоғайларының үлкен массиві болып табылады. Оның ауданы – 109 942 гектар. Соңғысы, Дельта учаскесі – Сырдария өзенінің Кіші Арал теңізіне құяр сағасында орналасқан. Оның ауданы – 2 300 гектар. Жоғарыда көрсетілгендей, қорық аумағында сексеуіл ормандары бар. Орманды өңірлердің ауданы 52 мың гектардан астам. Қорықтағы өсімдіктер мен жануарлар түрін қорғау әрдайым жоғары маңызға ие. Осы бағытта тиісті жұмыстар тұрақты түрде жүргізіліп келеді», – деп тү-

сіндірді бұл жайында «Барсакелмес» мемлекеттік табиғи қорығының бас директоры Хамит Қаниев.

Соңғы жылдары теңіздің тартылуы салдарынан қорыққа бару қиындап, жануарлар дүниесін қорғау қызметі дағдарыс кезеңіне ұшырағаны жиі айтылып жүр. Нақты айтқанда, 2000 жылдан кейін қорықтың айналасындағы кепкен теңіз жазықтығының айтарлықтай бөлігі ашылып, арал құрлықпен бірігіп кетті. Бұл жабайы аңдардың миграциясының қайта іске асуына мүмкіндік берді. Арал теңізінің кепкен табаны экожүйелердің флорасы мен фаунасының біріншілік қалыптасу аренасына айналды.

Уақыт өте келе, тұщы судың болмауы салдарынан тұяқты жануарлар Барсакелмес аралынан шығып кетіп, құландар тұщы су көздері бар бұрынғы Қасқақұлан аралының айналасындағы теңіздің кепкен табанындағы сексеуіл тоғайларын мекен ете бастайды. Ал қарақұйрықтар мен акбөкендер шығыс жағалау бойынша кеңінен миграцияланған. Осыған орай, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 25.11.2006 жылғы №1162 қаулысымен Барсакелмес қорығының аумағы 10 есеге ұлғайып, 160 826 гектарды құрап отыр.

Осылайша, бір кездері теңіз ортасындағы адам аяғы баспайтын аралда өсірілген тұяқтылар бүгінде аудан аумағындағы ауылдарға жақын маңдағы жазық далада жайылып жүргенін тұрғындар жиі көретінін айтып отыр.

«Теңіздің қайтуына байланысты қорық құрлықпен қосылып, жер көлемі ұлғайды. Соның салдарынан құландар Барсакелместен ашық жерге шыға бастады. Нәтижесінде, Арал ауданына қарасты Қаратерен ауылынан 4 шақырым жерге бұрынғы Токпан ауылының маңына қазық қағылып, қорық меншігіне өтті. Алайда бұл шешім ауыл халқы үшін қолайсыздық туғызып тұрғанын айтқымыз келеді. Себебі қорық меншігіне

ауыл халқының жайылым жері өтіп кетті. Әзірге ауылдағы малшы қауымы төрт түлігін қорық иелігіндегі осы жайылымға жайып жүр. Бірақ келешекте қорық аумағына мал жаюға тыйым салынса, малмен жан бағыт отырған жамағатқа қиын болатын түрі бар. Сондықтан төрт түлігін түлетіп отырған халықты жайылымсыз қалдырмайтындай оңтайлы шешім қабылданса игі», – деп ұсынысын білдірді Қаратерен ауылының тұрғыны Ғарифолла Еңсегенов.

Ауыл тұрғынының айтуынша, жайылым жермен қоса, шабындық жер де қорық меншігіне өтіп кеткен. Бұл малшы қауымының төрт түлігін жаз мезгілінде көкке жайып, қыс мезгілінде шабындық шөбін жинауға үлкен кедергі келтіретін түрі бар. Осы келенсіздік бір ретке келтірілсе деген тілегін жеткізіп отыр.

Негізінен, құландардың мекені бұрынғы Қасқақұлан ауылының аумағында орналасқан. Ауыл халқы төлдейтін мезгілде тұяқты жануарларды жиі көретінін тілге тиек етеді.

Қазір қорықтың флорасы 325 түрлі жоғарғы өсімдіктерден құралған. Мамандардың мәліметіне сәйкес, оның ішінде 16 эндемик және 5 түрі Қазақстанның Қызыл кітабына енген түрлерден тұрады.

Бүгінде қорықтың жануарлар әлемі де сан алуан. Әсіресе, омыртқасыздардың түрі өте көп кездеседі. Соның ішінде өрмекшінің 107 түрі мекендейді. Жалпы, жәндіктер 12 отряд бойынша 2 000 түрге жуықтайды. Бұған қоса, қосмекенділерден жасыл құрбақа және көлбақа болып бөлінетін 2 түрі болса, бауырымен жорғалаушылардың 12 түрі, құстардың 250 түрі тіршілік етеді. Соның ішінде Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген 33 түрлі құс, 28 түрлі сүтқоректілер бар. Ал теңіз айдынында өсірілетін 22 түрлі балықтың 4 түрі қызыл кітапқа енгізілген.

## ТАҚЫРЫПҚА ТҰЗДЫҚ:

Дерекке сәйкес, Барсакелмес қорығының құландар популяциясы 1953 жылы бастау алған. Сол жылы қорыққа Түркіменстанның Бадхыз қорығынан құландар әкелініп, жерсіндірілген. Ең алғаш 1958 жылы тұяқты жануардың алғашқы тұқымы алынып, содан бастап құландар популяциясында өсім байқалды. Тек 80-жылдардан бастап теңіздегі тұщы судың аздығы мен тұзды судың көтерілуі салдарынан құландарды аралдан біртіндеп шығарып, бір бөлігін еліміздегі «Алтын емел» ұлттық паркіне көшіреді. Ал қалған бөлігі Арал өңіріндегі Қасқақұлан учаскесіне ауыстырылған. 2023 жылғы санақ бойынша Арал өңіріндегі құландар саны 800-ден асып жығылады деген ақпарат бар.



## ӘУЕЗЕ

16 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

«...Тек бір шартым бар». Әдетте, «баяғы бір заманда болыпты-мыс» делінетін аңыздар мен ертегілерде, эпсаналарда басты кейіпкерге әлдебір тыйым салғанда айтылатын бұл сөзді барлығымыз білеміз. Бұл шартты орындап келіп, ақырында санасын қызығушылық жеңген әлдебір кейіпкер шартты бұзып жібергенде алдынан шытырман оқиғалар басталар еді. Осылайша, өзіне белгілі бір уақыт аралығында көз салмауға шарт еткен батырдың жары құсқа айналады, осылайша Зевстің «ашпа» деп берген қалбырын Пандора ашып жібереді немесе тағысын тағылар. Әдетте, біз бір нәрсеге тыйым жасау арқылы оған деген қызығушылықты оятамыз.

еді. Яғни, ережелерді бұзуға әсер ететін компонент — қоғам. Адамзат қоғамында бұл принцип өткен ғасырдың 80-жылдарында пайда болған «сынған терезелер теориясында» керемет суреттеледі. Зерттеушілер Джеймс Уилсон мен Джордж Келлинг оны былай деп түсіндіреді: «егер ғимаратта бір терезе сынған болса және ол жөн-

оқиғалары орын алды. Ақыр аяғында метил спиртің қолданған жұрт мындап қырыла бастады. Дәл осындай жағдайлар Еуропаның бірнеше елдерінде, Канадада және Жаңа Зеландияда да болды. Тіпті, бертін келе бұл мұсылман елдерінде де көрініс тапты.

## АДАМ САНАСЫНА ОЙ «ЕГУ»

Атақты режиссер Кристофер Ноланның «Бастау» фильмінде кейіпкерлер адамды ұйықтату арқылы олардың түсіне кіріп, миындағы ақпараттарды, идеяларды ұрлайды. Осы бір құпия ұйымның жұмысын біліп қалған танымал бір кәсіпкер істі жүргізетін ұйымға келіп: «адамның санасындағы идеяны ұрлауға болатынын білдік, керісінше

# ТЫЙЫМ ТҮЙІНДІ ШЕШЕ МЕ?



## Наурызбек САРША

### ҚҰПИЯҒА ҚҰМАРЛЫҚ

Бала кезімізде мектеп оқуылығын оқыған «Жақсылық пен Жамандық» атты ертегіде жарты жолда атынан айырған Жамандықтың әрекетінен соң Жақсылық төбе басындағы бір құркеге тап болады. Ішіне кірсе, жан жоқ. Бірақ ортада бір үлкен қазан асулы тұр екен. «Айдалада қайнап тұрған не қылған тамақ? Дәм татайын», — деп, бір саусағының ұшын батырып, дәм татады да, құрке төбесіне шығып жатады. Бір уақытта қасқыр, түлкі, арыстан үшеуі келіп, тамақ ішіп, әңгімеге кіріседі. Түлкі бір жерден бір алтын көргенін айтса, қасқыр пәлен деген байдың ауырып жатқан бойжеткен қызын жазатын ала тоқтыны қарауылдайтынын айтады. Кезегі келген арыстан түген деген байдың жылқысын тамақ ететінін, бір тайынан басқа ешбір жылқысы қуып жете алмайтынын айтады. Үшеуінің де сырын білген Жақсылық сол үш әрекетті орындап, мақсат-мұратына жетеді. Кейін азып-тозған баяғы Жамандық жолығып, бұл дәрежеге қалай жеткенінің мәнісін сұрағанда: «Пәлен төбеде бір үй бар. Сен қазір соған жет. Оның ішінде асулы бір қазан ет бар. Бірақ оның ішіндегі еттен тек бір саусағыңды батырып, дәмін көр де үйдің төбесіне шығып жат. Сонда түлкі, қасқыр, арыстан келеді. Сен олардың әңгімесін тыңдай бер. Олар кеткеннен кейін естіген сөздеріңді істесең, сен де осындай боласың», — дейді. Бірақ Жамандық қазан толы етті көргенде бойындағы ашкөздікті жене алмай, тыйымға қарамастан етке бас салады. Ақырында жыртқыштардың жемтігіне айналады. Тыйымды тындамаған мысалдар тек бұл емес. Барлығында тыйымнан келетін қауіпті біле тұра, сол тыйымды бұзуға деген ерен құлшынысты байқауға болады.

Жазушы Төлен Әбдіктің «Ақиқат» повесті көзіқарақты оқырманға таныс болар, басты кейіпкер Роберттің әлдебір діни ұйымдарға қатысатын, қамқөңіл діндар шешесі кешкілік ұйықтарда баласының шашынан сипап жатып, ертеқ айтатын. Сол бір сәт былайша суреттеледі: «...Содан әлгі

адам, — деді шешесі баяу үнмен ертегіні жалғастырып, — жолушыны жер астындағы алтын күмбезді патша сарайына әкеліп кіргізеді: «Қалаған шарабың мен тамағыңды іш, сұлу кәнизактармен ойна, серуен құр, барлық есікке кіріп, алтын сарайды тамашала. Тек мынау тұрған бір есікті ғана ашуға болмайды. Оны ашсаң бақытсыз боласың», — дейді шешесі. Шығарма соңында өмірдегі бастан кешкен жағдайын ертегімен салыстыра отырып, Роберттің «мен сол есікті аштым» дейтіні бар.

Иә, кез келген құпия мен салынған тыйымға адамзат әуелден әуес. «Өміріңе қауіп төнеді», «бақытсыз боласың» деген тыйымдар да пенде қызығушылығын тоқтата алмаған. Інжіл мен Құрандағы аңыз бойынша, Құдай Адам ата мен Хауа ананы жаратқан соң жұмақта қалағанынша өмір сүруіне жағдай жасап, тек бір нәрсеге тыйым салған деседі. Ол — Эдем бағында мәуелей есіп тұрған алма ағашы. Бірақ жұмақтың өзге де көптеген жемістері мен қызықтары бола тұра жатса-тұрса да сол тыйым салынған жемістің дәміне деген алғашқы жұптың ынтызарлығы бір басылмай, ақыры тұла бойын көрсекызарлық жеңген олар Жаратқанның қатал тыйымын бұзып, алма дарағынан дәм татып қояды. Осылайша, Жаратушының қаһарына ұшырап, жұмақтан қуылған деседі. Бұл аңызға сенсек, адамның бойында қандай да бір тыйым болса соған құмарлығы болатындығын әйгілейді. Дәуір дөңгелеп, заман зулап, кезеңдер көшкенмен адам баласының тыйымнан тыйылған кезі болмаса керек. Тіпті, әлі он-солын танып білмеген балаға әлденені «тиісуге болмайды» деп көз алдына қойсаңыз, оның не екендігін өзі ұстап сезінбейінше дегбірі қалмасы анық. Мұны адам бойындағы жаратылысынан туа біткен дүниені өзі танып білмеке деген құлшынысы дерміз бәлкім? Мүмкін Хәкім Абайдың 7-ші қара сөзінде айтылғандай: «Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылатын» жан құмары ма екен? Біз бүлдіршіндерге тыйым салғанда «саған укол салады», «қасқыр жеп кетеді», «жалмауыз кемпір алып кетеді» деп қорқыту арқылы тыйымыз келеді. Иә, балаларды қауіптен түрлі жағдайда қорғағанымыз жөн. Себебі қазіргі қауіп-қатер бұрынғыдан да көп екені мәлім. Электр, газ, от, көпқабатты үйлер. Бұл қауіптен сақтандырғанымыз да дұрыс. Бірақ балалар үшін тыйым



іс-әрекетке тікелей шақыру екенін атап өткен жөн. Бала тыйымды игеру үшін іс жүзінде тыйым салынған әрекетті жасау керек. Бірнеше сынақтан кейін ғана ол бұл әрекетті санасында елестете алады. Сосын барып өз тәжірибесінен мұны жасамау керектігін ұғынады.

### «ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ЖЕМІСТІҢ ДӘМІ ТӘТТІ»

Енді неліктен бізге тыйым салынған нәрсеге жиі ұмтылатынымызды әрі неге бұл бізге соншалықты «тәтті» болып көрінетінін анықтауға тырысайық. Жоғарыдағы Адам ата мен Хауа ананың мысалы әлеуметтанушылар мен философтардың зерттеу нысанына айналды. Мысалы, бір нәрсеге тыйым салынған немесе қолжетімді болмаған кезде, бұл бізге қол жеткізуге, сынап көруге деген құштарлықты тудырады. Тәуекелге бел будырады. Бұл құбылыс «тыйым салынған жеміс эффектісі» деп аталады. Біріншіден, тыйым қол жетімсіздік әсерін тудырады. Бір нәрсеге тыйым салынған кезде, адамдар оған қол жеткізуге деген үлкен ықыласты сезінеді. Екіншіден, тыйым шектеулер қояды, бұл өз кезегінде кері реакцияның тууына себеп болмақ. Бұл біздің туа біткен бағынбауымызға және таңдау еркіндігіне деген ұмтылысымызға байланысты екен. Сонымен қатар біз ережелерді бұзған кезде немесе тыйым салынған нәрсені жасағанда, біздің денеміз адреналинді — стресс гормонын, дофамин тудырады. Сондай-ақ бір нәрсеге тыйым салынған кезде, басқа адамдардың бұл тыйымды бұзғанын көргенде, оған қызығушылық сезімі одан әрі арта түспек. Мәселен, тұтқынға түскен қылмыскерге түрмеден қашуға болмайды. Бірақ жазасын өтеуден бас тартып, түрлі шектеулерге қарамастан қашып шыққан қылмыскердің оқиғасын бәріміз ынтығып оқимыз немесе тыңдаймыз. Біз де олар сияқты еркін болғымыз кел-

делмесе, жақын арада өзге де терезелер сына бастайды». Яғни, егер қоғамда бәрі ұсақ құқықбұзушылықтарға көз жұмса, бұл үрдіс көбейе бастайды. Тыйым неғұрлым қатан болса, соғұрлым «тәттірек» көрінеді. Мысалы, алкоголь, есірткі, ойын-сауықтар. Мәселен, темекі қорабындағы шылымның тудыратын қауіпті аурулары туралы жазылған үндеулер пенде баласын бұл әдеттен алыстата алды ма? Кезінде ішімдік ішуге тыйым салмақ болған алпауыт мемлекеттер түрлі заңдар шығарғанымен, бәрі дерлік құр әурешілік болып шыққанын тарихтан білеміз. Мысалы, 1919 жылы Америка Құрама Штаттары алкогольді ішімдіктерге алғаш тыйым салған кезде бұл шешім қоғамның адамгершілік қасиетін арттырады деп ойлаған, бірақ... Бірінші болып алкоголь өндірісі, спирт зауыттары және әртүрлі сыра зауыттары зардап шекті. Олар жабылған соң экономика жаппай құлдырап, мыңдаған жұмысшылар жұмыссыз қалды. Бұрын адамдарды тарту үшін алкогольді қолданған театрлар мен клубтар сияқты орындар өз бизнесінің көп бөлігінен айырылды. Алкогольді заңсыз жолмен немесе заңды айналып өту арқылы алудың әртүрлі әдістері шығып, ұйымдасқан қылмыс АҚШ-тағы үлкен мәселеге айналды. Елде түрлі құпия орындар пайда болды. Заңсыз сатылымдарда адам тұтынуына зиянды хәм күмәнді қоспалар жиі қосылып, улану

идеяны адам санасына орналас-тыруға, егуге бола ма?» деген сұрақты қояды. Сонда әккі қызметкердің бірі: «Мысалы, мен саған «піл туралы ойланба» дегенде ең бірінші ойыңа не келеді?» деп қарсы сұрақ қояды. Кәсіпкер: «Піл» деп жауап береді. Дәл сол секілді адам санасына «ол туралы ойланба» деу арқылы да вирусты түрде ақпарат енгізуге болатынын айтады. Тағы бір мысал. Зерттеушілер егер бір адамға: «осы нүктеге қараныз, бірақ мына бір нүктеге қарауыңызға болмайды» деп, оның көзінің қозғалысын бақылайтын болсаңыз, әлгі адам бейсаналы түрде тыйым салынған нүктеге үнемі қарайтынын айтады. Британдық ғалымдардың тұжырымдарына сәйкес, бұл парадокстың бір себебі адамның санасына нақты ойларды енгізу факторынан туындайды деп есептейді. Мысалы, егер зиянды тағам туралы көбірек ойласаныз, дәл осы зиянды өнімді сынап көргіңіз келеді. Ғалымдардың пікірін 67 әйел мен 67 ер адам қатысқан эксперимент растай түскен екен. Зерттеу барысында барлық қатысушылардан шоколадтың екі түрлі сортын сынап көріп, өз әсерлерін жазбаша түрде білдіру ұсынылды. Осыдан кейін қатысушыларға шоколад туралы ойлау немесе ойламау жөнінен жеке тапсырмалар беріледі. Нәтижесінде, шоколад туралы ойламауға тырысқан адамдар керісінше санасынан шоколад туралы ойларды алып тастай алмай қиналған екен.

### Түйін:

Тыйым салудың психологиялық факторы да маңызды рөл атқарады. Осындай механизмдердің бірі — «алтын балық эффектісі». Яғни, біз алтын балық ұстап алсақ, онда біз үш тілегіміздің біріне қолымыз жетпей жүрген нәрсемізді айтар едік. Тыйым салу адамзат тарихында бастапқыда өте маңызды қорғаныс функциясын атқарғаны белгілі. Біз осынша уақыт аралығында ата-бабаларымыздан келе жатқан дәстүрлер, дін, мәдениет арқылы үлкен тәжірибе жинадық. Бұл тыйымдардың барлығы біздің өмірде тиісті әрекет етуімізге ықпал етпек. Ғалымдардың айтуынша, егер барлық тыйымдар тыйым ретінде өз күшін жоятын болса, онда адамзат дамуды тоқтатып, ақырында жойылады.

## АЙМАҚ

16 ҚАРАША 2024 | СЕНБИ

Таңмен таласа оянып, қаладағы жұмысына екі, тіптен үш сағат бұрын ерте қамдану Алматы шаһары тұрғындары үшін күнделікті әдетке айналғаны қашан?! Оның басты себебі де бар. Ол тұрғындар мен көлік жүргізушілерін әбден титықтатып жіберген – кептеліс.

## ШАҺАРДАҒЫ КЕПТЕЛІС ТҰРҒЫНДАРДЫ ҚАЖЫТТЫ

**А** Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ, Алматы қаласы

Қазір мегаполис тұрғындары үшін көлік кептелісі – өзекті әрі тәрқамай келе жатқан мәселелердің бірі. Тіпті, ондаған жыл бойы шаһарды мекен еткен тұрғындар бүгінде Алматыны кептелісіз елестету мүмкін емес екенін айтады. Әлеуметтік желілерде желдей ескен түрлі фото-видео, мемдер, әзіл-қалжың аралас контент сөзімізді айғақтай түседі. Десек те, қаладағы кептеліс деңгейінің артуына белгілі бір әсер етуші фактор бар екенін атап өткен жөн. Ең біріншіден, кейінгі уақытта Алматы халқының саны айтарлықтай өсті. Бұл өз кезегінде көлік санының артуына да біршама ықпал етіп отыр. Онымен қоса, жыл сайын қалаға сыртқы аймақтар мен елді мекендерден келетін көлік санында да өсу деңгейі байқалады. Ал олардың қалада қай уақытқа дейін жүретіні белгісіз. Мәселен, соңғы екі жылда қалада тіркелген автокөліктердің саны 24 пайызға өскен. Мамандардың болжамына сүйенсек, бұл көрсеткіш 2030 жылға қарай 40 пайызға дейін жетуі ықтимал. Екіншіден, қаладағы қоғамдық көлік инфрақұрылымының шектеулілігі тұрғындардың жеке көлікті пайдалануына әкеледі. Алып шаһарда метро мен автобус жүйесі дамығанына қарамастан, бұл жыл сайын мыңдаған турист ағылып келетін Алматы тұрғындарының қажеттілігін қанағаттандыра бермейді.



Сондай-ақ автотұрақ орындарының жетіспеушілігі жүргізушілердің ережені бұзып, көліктерін жол бойына қоюға мәжбүр етеді. Бұл сәйкесінше, жолды тарылтып, қаладағы көлік қозғалысын одан сайын қиындата түседі. Көлік кептелісін тудыруға негіз болатын кезекті екі маңызды фактор – ауа райы қолайсыздығы мен сапасыз жолдарға жүргізілетін жөндеу жұмыстары тағы бар.

### ҚАЛАДА ЖҮРІП-ТҰРУ ҚИЫН

Бүгінде қала тұрғындары бойда адамдар кептелісі басталатын Алматыда жүріп-тұру қиындағанын айтып наразы. Әсіресе, таңғы және кешкі уақытта қаладағы аялдамаларда қоғамдық көліктің келуін сарыла күткен нөпір халықтың көрінісіне жиі тап боласыз. Бұл ретте кептеліс уақытында жолаушыларды тасымал-

дайтын қоғамдық көлік қызметі мәселесі туындайды. Қалада қоғамдық көліктің жай-күйі қалай шешіліп жатыр? Алдағы уақытта қоғамдық көлік саны арта ма? Осы және өзге де сұрақтарымызға жауап алу мақсатында «Алматы-басжоспар» ҒЗИ бас директоры Асхат Садуовқа сауалдарымызды жолдаған едік. Оның сөзінше, Алматыда күн сайын таңғы және кешкі уақытта кептеліс деңгейі 9-10 балға жетеді. Қазір мегаполистің әрбір төртінші тұрғынының жеке көлігі бар. Сондықтан қала ішінде көлікпен қозғалу жылдан-жылға қиындап барады.

– Үлкен қалаларда көлік кептелісінің болуы заңды құбылыс. Қалалардың қарқынды дамуы, халық санының өсуі және экономикалық белсенділіктің артуы жолдағы жүктемені еселей түседі. «Алматыбасжоспар» ҒЗИ жанындағы Q-lab қалалық зерттеулер зертханасының дерегіне сәйкес,

«Қала тұрғыны анкетасында» көлік кептелісі ең күрделі мәселе ретінде көрсетілген. Бұл мәселені шешу үшін қала әкімдігі қоғамдық көліктің дамуына, қолданысын кеңейтуге басымдық беріп отыр, – деді ол.

### ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ 64 ПАЙЫЗҒА АРТАДЫ

Биыл қаңтар айында шаһарда көлік қозғалысы қанқасының мастер-жоспары бекітілген еді. Мастер-жоспарды әзірлеген – «Алматыбасжоспар» ҒЗИ және кешенді көлік жобаларын іске асыру саласындағы сарапшылар, оның ішінде Future of Mobility компаниясы да бар. Аталған жоспар қаладағы көлік инфрақұрылымын жетілдірудің негізгі бағыттарын айқындайтын стратегиялық құжат саналады.

Асхат Садуовтың айтуынша, мастер-жоспардың негізгі міндеті – халықты жеке көліктен қоғамдық көлікке ауыстыру. Мамандар тұрғындардың қоғамдық көлікті пайдалану бойынша негізгі көрсеткішін 2030 жылға дейін 64 пайызға арттыруды көздеп отыр.

– Көлік қозғалысының қанқасы Алматы көшелеріндегі жағдайды түбегейлі өзгертеді. Басты идея – жоғары жылдамдықты магистралдар мен дәліздер желісін құру. Жауапты мамандар Алматы халқының қоғамдық көлікке жаппай көшуіне басымдық береді, – деді Асхат Садуов.

### ТӘУЛІГІНЕ 100 МЫҢ АДАМҒА ЖЕТКЕН

Одан бөлек, Асхат Садуов метрополитен жүйесі тұрғындар үшін ең тиімді қоғамдық көлік екенін және қала ішіндегі метро қозғалысын реттеуде қаланың батыс бөлігіне қарай жаңа стансалар салынып жатқанын мәлімдеді. Соның ішінде «Қалқаман» стансасын ашудың жоспарланған мерзімі –

2025-2026 жыл. Қазір мұнда құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ жоспарда кезекті 3 стансаны салу мәселесі қарастырылған. Желінің жалпы ұзындығы – 5,3 шақырым. 1-станса – Алатау даңғылы, Абай даңғылының солтүстігі, Сәбденов көшесінің оңтүстігі, Наурызбай ауданы әкімдігінің жанында болады. 2-станса – Алатау даңғылының бойында, Төле би көшесінің қиылысында, ал 3-станса «Барлық» базарының аумағында салынады. Жоғарыда аталған стансаларды 2030 жылға дейін ашу жоспарланған. Әкімдіктің мәліметінше, қазір жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде.

– Көлік қозғалысының қанқасы қаладағы көлік жүйесінің жалпы көрінісін және Алматы жолдарының жағдайын түбегейлі өзгертуге ықпал етеді. Көлік құрылымы қоғамдық көлік желісі арқылы қаланың бес полиорталығын, сондай-ақ қала орталығын және Алматы агломерациясын байланыстырады. Осылайша, тиімді жол-көлік кешені «тұрғындарға арналған жайлы қала» қалыптастыруға елеулі үлес қосады», – деп сөзін түйіндеді «Алматыбасжоспар» ҒЗИ бас директоры А. Садуов.

2023 жылы қалада метромен жүретін жолаушылар саны тәулігіне 100 мың адамды құраған. Былтырғы жылдың соңында сұранысқа сәйкес метро вагон саны 11 құрамға дейін артты. Әр құрам 4 вагоннан тұрады. Қазір 11 стансадан тұратын метромен Райымбек стансасынан Бауыржан Момышұлы стансасына дейін 13,22 шақырымды небәрі 25 минутта жүріп өтуге болады.

Осыдан бірер күн бұрын шаһарда қалың қар жауып, нәтижесінде жол кептелісінің көрсеткіші 11 балға жеткен еді. Қоғамдық көлікті пайдаланушылардың көптігі мен осы сәтті пайдаланған такси жүргізушілерінің жолақы құнын көкке шарықтатуы тұрғындарды межелі жеріне жаяу жетуге мәжбүр етті.



Алматы облысы өз алдына отау тіккен екі жылдан астам уақытта өңірде бірқатар жақсы жаңалық жүзеге асты. Олардың басында бұрынғы Қапшағай қаласының Қонаев атауына ие болып, облыс орталығы атануы тұр. Сонымен бірге облыс аумағында жаңа қала пайда болғанын да жұрт жақсы біледі. Бұған дейін Іле ауданы құрамындағы Жетіген ауылы болып келген елді мекен қазір «Алатау қаласы» деп аталады. Егер алдағы жылдарға жоспарланып, ойға алғандар жүзеге асса, Алатау Алматы мен Қонаев қалаларының арасындағы сәулетті де, дәулетті шаһарға айналады. Қазір жаңа әрі жас қаланы дамыту, көркейту мақсатында ірі-ірі жобалар, игілікті істер қолға алынған. Күні кеше қаладағы «Еңбек» ықшамауданында «Жайлы мектеп» жобасы аясында салынып жатқан мектеп қолданысқа беріліп, оқушыларын қабылдағанын да сол игі істер қатарына қосуға болады.

## ЖАҢА ҚАЛАДАҒЫ «ЖАЙЛЫ МЕКТЕП»

**А** Болат АБАҒАН, Алматы облысы

Көркі алыстан көз тартатын үш қабатты, 600 орынды білім ошағының ашылу салтанатына жұрт көп жиналды. Балалардың болашағын қамтамасыз етуге бағытталған шарапатты істің игілікке асуына куә болуға келгендер арасында Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары, өңірдің ел өнеге тұтатын құрметті азаматтары, ардагер ұстаздар мен ауыл тұрғындары болды.

Осылайша, Алматы облысының Алатау қаласында еліміздегі білім беру жүйесін дамыту арқылы үш ауысымды және апатты мектептер мәселесін түбегейлі шешу мақсатында Мемлекет басшысының тапсырмасымен жүзеге асырылып жатқан «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында жаңа мектеп салынды.

Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары Нұрлан Әбдірахымның айтуынша, дәл қазір облыстағы білім саласының басты проблемасы – үш

ауысымды оқыту мен оқушыларға орын тапшылығы. Осынау жылдар бойы өзектілігімен ерекшеленіп келе жатқан мәселенің мәнін табу мақсатында қолға алынған жұмыстар жетерлік. Соның ішінде «Жайлы мектеп» жобасының ықпалы мол болары сөзсіз.

«Өңірдегі өзекті проблеманың бірі болып отырған үш ауысымды және апатты мектептерден құтылып, оқушыларға орын жетіспеушілігі мәселесін шешу жолында нақты жұмыстар атқарылуда. Соның ішінде аталған проблеманы реттеуге «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы өзіндік оң әсерін тигізіп отыр. Облыста биылдың өзінде аталған жоба бойынша 26, жеке инвесторлар көмегімен 4 және жергілікті бюджет қаржысына 2 мектеп салынып, қолданысқа беріледі деп жоспарланып, рет-ретімен жүзеге асырылуда. Бүгін, міне, сіздер де соның біріне куә болып отырсыздар. Болашақ жастарымызға жаһандану кезеңінде сапалы білім мен саналы рухани тәрбие беру маңызды. Ендігі кезекте

облысымыздың дарынды балалар саны бүгін есігін айқара ашқан жаңа да жайлы мектепте білім алатын оқушылармен толығына сенімдімін. Келешегіне батыл болжам жасалып отырған Алатау қаласында алдағы кезде бұдан басқа да игілікті істер жүзеге асырылады», – деп атап өткен облыс әкімінің бірінші орынбасары алатаулықтарды арнайы құттықтады. Мектеп құрылысын жүргізген мердігер Бауыржан Сержанұлын, құрылыс жұмыстарының басшысы Ғалымжан Ниетбекұлы және жоба жетекшісі Ернар Жасұланұлын Алматы облысының әкімі атынан алғысхатпен марапаттады.

Жаңа мектепте сапалы білім алу үшін барлық жағдай қарастырылған. Білім ошағында соңғы үлгіде жабдықталған кабинеттер, ерекше балаларға арналған инклюзивті орталық, шеберхана, кітапхана, робототехника, STEM және модификациялық кабинеттер, асхана, спорт және мәжіліс залдары заман талабына сай жабдықталып, барлық керек-жаракпен қамтамасыз етілген.

«Күлкінің жеңбейтін  
дұшпаны жоқ».

Бауыржан Момышұлы

«АРА» – ара болады,  
шаққан жері жара болады».

Оспанхан Дүбәніров

«Күле білу – өмір,  
күлдіре білу – өнер,  
күлкі болу – өлім».

Сейіт Ненжеахметұлы

# АРА



№153

16.11.2024 ж.

«Айқынның»  
сатиралық қосымшасы

– Аға, сұхбат басында Мұхтар Шерімді сатира тілімен таныстырып өтіңізі.

– Жұрт жадыраған жазда, күзде туып жатқандар аз ба? Желтоқсан айының 12-жұлдызы күні дүние есігін ашыппын, сегізінші кластан бері сатираға ғашықпын. Күлкінің қымызын ішіп келемін. Өйткені қазақ ертегілері «Тоғыз тоңқылдақ, бір шінкілдек», «Алдар көсе», «Ұр тоқпақ» сияқты ертегілерді есінеп отырып емес, етпетімнен жатып алып оқитынмын. Күлдіргі оқиғаларын көңіліме тоқитынмын, «шоқитынын» шоқитынмын. Содан «Әлиманьң әлегі» атты әзіл әңгіме жазып, ол аудандық газетке жарияланғанда көздерім от шашып, қуанғаннан алты қыр асып, қойшы ауылда жүрген мал дәрігер әкем Жұмашқа газетті көрсетіп, мақтанған едім. Міне, содан бері сатираны жанымнан тастамай келемін. Жұрт сияқты сатираны тастап, сазгерлікті бастамай келемін. Жұрт сияқты мектеп бітіріп, миымда талай әзіл пісіріп, ҚазМУ-дің журналистика факультетіне оқуға түскен жылы «Жалын» баспасынан жарық көрген жас жазушылардың «Жібек желі» ұжымдық жинағына бес-алты сатиралық әңгімем енгенде қуанышымда шек болмады. Бірақ сол кезде сыншы Бақыт Сарбалаев ағам «Қызыл алма» сын кітабында мені жерден алып, жерге салып, тұла бойы қызып, мені мыжып, мыжғылап, әзілдерімнің астын сызғылап, ой бір сынаған екен, тіпті «болашағы жоқ сатирик» деген баға берді. (Бәлкім, жас кезде тәжірибем аз болды ма?) Қуанғаным-ай! «Мен кітапқа шықтым! Мен сыналдым!» деп жұбанғаным-ай! Ақкөңіл байғұс басым мақтанып, курстасым, марқұм Елгезек Әзбергеновке көрсеткенімде ол басымнан салып қалды. Сонда жігіт Мұхтар «талып» қалды. «Сені сынады ғой, несіне мәз боласың?» деп сұрады. Қызық екен сұрағы... Өйткені мен Сарбалаевқа іштей: «Көресің әлі, сатираның сайыпқыраны болмасам, Ратқұм Міреш болайын!» деген едім. (Мұхтар Шерімнің керісінше оқылымы. Сол кезде фәмілем Шерімов болса да, блокноттардағы жазбаларымның сонына Шерім деп қол қоятынмын).

«Құдайға шүкір, сатирик болмасам, бетіме түкір» дегендей, бүгінде «Құдағи құшақтай береді», «Талтайып тұрғым келеді», «Быт-шытынды шығарам», «Ымбаппа» сияқты 8-9 кітаптың авторымын. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Шона Смаханұлы атындағы сатира байқауының бас жүлдегері, «Қазақ әдебиеті» газетінің лауреаты (1987 жыл), «Көпен Әмірбек атындағы «Ара» сыйлығының лауреаты» деп тізбелеп кете беруге болады. Бірақ мен үшін ең керемет атақ бар. Ол – оқырманның табаға піскен нандай ыстық ықыласы. Сатираларымды иіскеп, іздеп жүріп оқитындардың көптігіне қуанамын. Бүгінде «Супер сүмелектер», «Мистер Лиам немесе 30 еркек», «Ұрының қатыны» романдар және «Біздің ағай тамаша» сатиралық повесімді аяқтадым. «Туу, миллионер болғанымда осы романдарымды кітап етіп шығарар едім» деп

Сатира – адам бойындағы жағымсыз әдет пен қоғамдағы кекесін құбылыстарды әжуамен келістіріп жазатын жанр. Осындай кемшіліктерден арылтуды көздейтін бағыттың маманы бүгінде аз. Соның бірі «Сатираның снайпері» атанып жүрген сатирик-жазушы Мұхтар Шеріммен сұхбаттасқан едік. Әңгіме барысы сатириктің туындылары мен қазақ сатирасының қазіргі жай-күйі жайында өрбіді.

**Мұхтар ШЕРІМ,**  
сатирик:



өзімді-өзім «таяқтадым». Жебеуші, демеуші таба алмай жүргенім бар...

– «Араның жабылғаны – қазақ сатирасының қара жамылғаны» деген екен Қалтай Мұхамеджанов. Бүгінде сол шаққан жері «жара болатын» сатираның халі туралы не айтасыз?

– Кеңес дәуіріндегі «Араның» күндей күркіреп, атағы дүркіреп тұрған кезі болатын. Студент кезде «Арамен» тығыз байланысып, әзілдерім жарияланып жүрді. Тәуелсіздік алғаннан кейін «Ара» тайғанақтап барып, біраз жыл жабылып қалды, «Ара» қайда?» деген жұртымыз, кәдімгідей, сағынып қалды. Кейін белгілі сатирик Көпен Әмірбек «реанимацияда» жатқан «Араны» тірілтіп, палатаға шығарып, «Айқын» газетінің қосымшасы ретінде шығара бастады. Бөркімізді аспанға

# КҮЛКІНІҢ

# ІШІП

бірдей еді. Жұмысқа тұмсығынды кіргізе алмайсың. Университет бітірген жылдары «Оңтүстікке» келдім. Мархабат Байғұтты алға салдым. Бас редакторымыз «Обком шешеді. Әзірге орын жоқ» депті. Сағым сынып, шаруам тынып, кемсендеп кетіп бара жатып, Махаңа «Шақ-шұқ» деген сатирамды тастап кеткен едім. Ол кезде таксилерде есептегіш құрал болатын. Ауыл адамын қатырмақ, ақша құмарлығын

трының әдебиет бөлімінде «Менің атым Қожадағы» Нұрлан Сегізбаевтың қарамағында жұмыс істеп жатқанмын. Шымкентке келе қалып, асханада тамақтанып отырғанда Мақан мен Байкең мені көре қалып, дырылдатып сүйреп әкеліп, бас редактордың алдынан бір-ақ шығарғаны. Сол жерде жұмысқа қабылдандым. Маған «Қақпан» сын-сықақ бөлімі тапсырылды. Апта сайын жарық көреді. Фельетон жанрына сол кезден төселе бастадым. Бірде аудандық тұрмыстық қызмет көрсету комбинаты жөнінде «Шатақ шалбардан шықты» деген фельетон жаздым. Құдайым-ау, ол кезде әріптер, әсіресе тақырыптар қолмен терілетін заман ғой. «Ұлы сөзде ұят жоқ» дейміз бе, «Шатақ» сөзіндегі «ш» әрпінің орнына «т» әрпі түсіп, тіпті мын дана газет басылып жатқанда тоқтатылды ғой! Жұмыстан шығып кете жаздым. Өйткені сол күні өзім кезекші едім. «Қақпан», «Мұхтар Шерім» дегенде, аудандық партия комитетінің бірінші хатшыларының өзі дірлідейтін халге жетті. Түркістан қаласындағы балабақша менгерушісінің паракорлығы жайлы жазылған «Алақаны қыши береді» фельетоным үшін соттан бір-ақ шыққан едім. «Менің алақаным қышымайды, қайта мұздап тұрады, дәлелдеп берсін» деген апайдың айтқандарына ауызым ашылып қалған. «Апай, бұл сатирадағы гротеск» десем, «ондай адамды танымаймын» дейді ғой күйдіріп. Сол кездің өзінде майда-шүйде тақырып-

**«Бүгінде «Супер сүмелектер», «Мистер Лиам немесе 30 еркек», «Ұрының қатыны» романдар және «Біздің ағай тамаша» сатиралық повесімді аяқтадым. «Туу, миллионер болғанымда, осы романдарымды кітап етіп шығарар едім» деп өзімді-өзім «таяқтадым». Жебеуші, демеуші таба алмай жүргенім бар...»**

лақтырды, «Ара» дегенде тік тұрды. «Араның» тілшісі болып 2014 жылдан, Көпен көкем келместің кемесіне мініп кеткенге дейін фельетондарды бұрқыратып жазды. Бүгінде «Араны» Көпекеннің жұбайы қолға алып, сатира отын өшірмей жүргені көңілге шуақ әкеледі.

– «Оңтүстік Қазақстан» газетінде сатиралық «Қақпан» бөлімін басқардыңыз. Сол кезді еске түсіріп көріңізші? Қандай тақырыпты жаздыңыз? Өткен мен бүгін арасында қаламыңыз да «есейді» ме? Мысалы...

– Ол кезде облыстық газетке қызметке келу дегеніңіз – қазіргі министр болумен

пайдасына асырмақ болған жүргізуші «есептегіш бұзылып қалды, сондықтан «шақ-шұқ» деп отырамын. «Шақ» – бес тиын, «шұқ» он тиын» дейді. Ауыл адамы отырған сәттен жүргізуші «шақ-шұқты» жылдам айтып кетеді. Ауыл адамы «аузың аузыңа жұппай кетті ғой?» деп сұрағанда «е, ақша көп түссін де» деген екен. Осы сатирам облыстық газетте басылып, бір күні Махаң, жаухатшы Байдулла Қонысбеков бар, мені шырақ алып іздейді ғой. Ол кезде мен Алматыда, Дулат Исабеков ағамның қамқорлығымен қуыршақ теа-

тар төңірегін шиырламай, әлеуметтік мәселелер, совхоз директорларының паракорлығы жайлы жазып, олар қызметтерінен хош айтысып жататын. Бірақ директордан аса алмайтынбыз. Ол кезде цензура күшті еді. Жұмысқа бір минут кешіксең, бітті Бәтима! Жаман, ескі «жигулиім» бұзылып, есік алдында айлап тұрып қалған. Қара күз еді. Соны жөндеп алып редакцияға таң азанымен жүйіткіп келе жатсам, жұрттың бәрі маған қарайды. Тіпті, озып кеткен көліктегілер басын шұлғиды. «Немене болып қалды екен?» деп таңданып келемін. Редакция ауласына кірсем, бас редактор Әмірсейіт Әлиев аулада жүр екен, мені көріп: «мынауың не?» деп сұрады. Иек қаққан соң «жигулиімнің» төбесіне қарасам, үш леген құрт тұр ғой! Сөйтсем, анам құртты көлігімнің үстіне жайып қойған, ал мен байқамастан асығып жүріп кеткенмін. Күзгі шықпен, түнімен түбі қатып, түсіп қалмаған екен. Анам телефон шалып, шарқ ұрып легенін іздегені есімнен кетпейді. Сол құртты әріптестерім кешке дейін сорумен жүрді. Өзім де сорып отырып, «Қақпанға» фельетон жазып тастадым. Ол кезде баспасөздің беделі бәйтеректен биік болатын. «Қақпан» дегенде МАИ инспекторларының өзі «дік» етіп, тоқтай қалатын. Бірде МАИ инспекторлары соңыма түсті. Қызылға өтіп кетіпін көлігіммен. Қуып жеткенде «Қақпанның» куәлігін көрсеткенім сол, олар қалтырап кетті. Аккумуляторы әлсіз еді, көлігім от алмай қойса болар ма?! Ама



скетч, интермедияларын сахналап, жарысқа түсетін. Мәдениет басқармасына тегін жұмыс істеп, күлкі күні үшін зыр жүгіретін едім. Шәуілдірден Уәли мен Жүсіпті «Күлкі жәрменкесіне» шақырдым. Одан әрі оларды Алматыға апарып, ТТТ («Тамаша теле театрында» менің интермедияларымды орындауына, танылуына мұрындқ болдым. «Өз алдымызға театр құрайық» деп идеямды иіскеттім. Кейін бұл театрда менің «Үбән», «Алдараспанда»

болар еді. Кім көрінген алып жүрген теміртерсекті сатириктерге де күлкі күні беріп жатса, неге құптамасқа?! Телеарналарда күлкі күні арнайы бағдарлама көрсетіліп, оған белгілі сатириктер шақырылса, оның несі жаман?! Күлкі күніне бір ай қалғанда басылымдар сатираға бәйге жарияласа... Ақшасының керегі жоқ, жай, бірінші орын, екінші орын, ең соңғы орын дегендей... Жауқазын сатириктер соның өзіне қуанып қалар еді.

# ҚЫМЫЗЫН ЖҮРМІЗ...



«Евромола» сатираларым сахналанды. Осының бәрін құдіреті күшті күлкі үшін істедім. Бұл еңбегімді Уәлиден гөрі Жүсіп ерекше бағалап, «Мұхаң болмағанда Шәуілдірдің топырағын басып, елеусіз жүре берер ме едік?» деп сұхбат берді. Жүкең аккөңіл жігіт қой, не болса да, шындықты айтады.

Менінше, күлкі күнін есте қаларлықтай, ерекше өткізген жөн. Наурыз мерекесі сияқты ел бойынша тойланатын болса деймін. Ақындар мүшәйрасы сияқты сатирик ақындардың мүшәйрасын өткізуді қолға алатын мезгіл жетті. Сол күні сатирик жазушылардың еңбегін бағалап, Үкімет тарапынан марапат жасалса нұр үстіне нұр



жоқ, МАИ инспекторлары тырбандап жүріп итеріп, от алдырды ғой. Сондай бір заман болған, фельетон да, сатира да дін аман болған...

— Күлкі — эмоция. Бірақ «1 сәуір күлкі күні» деп атап кеттік қой. Сіздіңше бұл күнді қалай атап өту керек?

— Өз басым 1 сәуір күлкі күнін ерекше құрметтеймін. Сондықтан болар, 1986 жылы Шымкентте «Күлкі жәрменкесін» ұйымдастырып, ол осы кезге дейін жыл сайын аталып келді. Облыстық Мәдениет басқармасымен бірлесіп облыс орталығында «Күлкі жәрменкесі» тойланатын. Аудандардан келген өнерпаздар әртүрлі

қоятын жас сатирик, ақын Пернебек Сапарға сәттілік тілеймін. Азамат Қапалбай есімді жас жігіт жазып тұрушы еді, қазір мүлде қойды. Әр өңірден жазып тұратын сатириктер баршылық, бірақ көбінде белсенділік, еңбек, тәжірибе жетіспейді. Сатира «әйтеуір бірдене» жазу емес қой. Жазған соң сарказмды сорғалатып, қаламыңды жорғалатып, әрін, мәнін келтіріп жазғанға не жетсін?!

— Бүгінгі сатириктер бір тақырыптан шыға алмай қалған жоқ па?

— Айналаға қарасаң, тақырып деген «менмұңдалап» тұр ғой, шіркін. Тек кертіп ал да, төпелеп жаза бер! Күлкіге қалған шенеуніктер, махаббатшыл депутат, жымын білдірмейтін жемқорлар, интернет алаяқтары дейсіз бе, тақырып көп. Қыз-қырқын, қатын-қалаш, табак-аяқ төңірегін ғана шиырлайтын сатирикті өз басым «сатирик еді» деп мойындай қоймаймын.

— Егер «сатира снайпері» сізге қаруын кездесе, қандай анекдотпен құтылар едіңіз?

— Бір жыңды қабырғаға шеге қағып жатыр екен. Бірақ шегенің ұшын кері қаратып қағып жатыпты. Мұны көрген екінші бір жыңды: «Жыңдысың ба? Шегенің ұшы мына қабырға жаққа қарап тұр ғой, осы қабырғаға қақсаңшы?» деп ақыл беріпті. Өмірде де, осындай әкімдер бар. Президенттің тапсырмасын кері орындайтын, шеге қаға алмайтын...

— Қазір көрерменді күлкіге қарық қылатын «Жайдарман», «КТА», әзілқойлар сайыстары бар ғой. Оларды сатираға жатқызуға бола ма?

— Оларды мүлде «сызып» тастауға болмас. Мұндай бағдарламалар, әсіресе жастар үшін керек. Бірақ бұл сайыстарда тым жеңіл диалог болса да, көрермен жастар дарақылана күліп жатады. Соған қайран қаламын. Несіне күліп жатқандарын өздері де білмейді ғой деймін. Олардың қойылымдарын толыққанды, нағыз сатира деп айта алмаймын. Тіпті, белгілі әзіл-сықақ театрларының өзі майда-шүйде тақырыптарды шиырлап жүр. Астарлап жеткізіп, мақтамен бауыздай алмайды. Дарақы, анайы анекдоттардың өнін айналдырып алады.

— «Мистер Мұхтар» театрының қазіргі ахуалы қалай?

— Бұл театр шығармашылығым тоқтап қалмау үшін ұйымдастырылды. Өндіріп жаздым. Аудан, ауылдарды араладық. Жас жігіттер интермедияларымды әл қадірінше орындап, көрерменді күлкіге көмді. Коронавирус келіп, театрымызды шайқап кетті. Мықты ойнайтын Мәди әртісімізден айырылып қалдық. Дегенмен жүйелі болмаса да, бас қосып, концерт ұйымдастырып қоямыз. Биыл күлкі күні Түркістан қаласында «Мұхтар Шерім шығармашылығына 50 жыл» кешім өтті. Осы кеште «Мистер Мұхтар» жігіттері күлкі болып шашылды.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
**Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ**

## ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

— Сатира — бұл...  
— О, сатира, мен саған ғашықпын!  
— Сатириктер үнемі позитив жүре ме?  
— Өмір — кейде бықсыған көмір. Біздің де томсырайып, томпып қалатын кездеріміз болады.  
— Қандай жанрды окисыз?  
— Сатира жанрын. Кейде көркем прозаны. Оралхан Бөкейдің «Жылымығы» жаныма жақын.  
— Эмоцияңызды ашық көрсетесіз бе?  
— Жок. Іштен тынамын.

— Сіз үшін сөздің серті неде?  
— Сатираға адалдық.  
— Қуанатын нәрсе ше?  
— Өмір сүріп жатқаным, оқырмандарым.  
— Сатирик кім, әзілкеш кім?  
— Сатирик қоғамдағы келеңсіздікті ірейтін, тек сатираға ғана, ащы кекесін, ащы мысқылға ғана табан тірейтін жазушы. Ал әзілкеш жеңіл-желпі киініп алған сүйкімді әйел сияқты. Ол да керек.

16 ҚАРАША 2024 | СЕНБІ

# ҚҰСТАР ҮНІ СИРЕП БАРАДЫ



Кейде аспан әлеміне зер сала отырып ойланасың. Бұрынғыдай заңғар көкте қанатын кере қалықтаған қыран бүркіттерді көрмек былай тұрсын, қазақ үшін қастерлі саналған қарлығашты да сирек кезіктіретін болдық. Торғай екеш торғайдың өзін көп көрмейміз.

Байқасаңыз, соңғы жылдары қоршаған орта қанаттылардан кенде қалып барады. Сонымен бірге табиғат әлемінің тылсымы да тұңғыққа батып бара жатқандай әсер қалдырады. Олай дейтіміз – ертеде бабаларымыз құс киелісін, аңның қасиетін жете танып, жоғары бағалап отырған. Ырым-тиымдармен тығыз байланыстырған. Мәселен, құстардың ұшуына, қимыл-әрекетіне қарап, ауа райына болжам жасайтын көнекөз қарияларымыз аз болмады. Әрі бұл жорамалдары айна-қатесіз орындалатын еді.

Жалпы, дерекке сәйкес, бүгінде елімізде құстардың 18 отрядқа жататын 489 түрі мекендейтіні айтылады. Олардың әрқайсысы өмір сүру заңдылығына қарай топ-топқа бөлінеді. Атап айтқанда, ашық дала, батпақты аймақ, орманды алқап және су құстары тобына жатқызылады. Бұған қоса, жыл құстары, жыртқыш құс және таулы-тасты мекендейтін болып бірнеше түр бойынша аталады.



Мамандардың пікіріне сәйкес, Сыр бойында да қанаттылардың көптеген түрі кездеседі. Нақты айтқанда, Қызылорда облысында құстардың 160-тан астам түрі ұялайды екен. Оның 50-ден астам түрі ұялыстан тыс аймақтардан ұшып келетін құстар санатына жатқызылады. Әсіресе, қыс жылы болған жылдары ұя салуға ұшып келетін құстар саны артады.

«Негізінен, бүгінде Сыр өңірінде қанаттылардың 19 түрі қыстайтыны белгілі. Дейтұрғанмен, кейінгі жылдары Сыр суының, Арал айдынының тартылуы, қуаңшылыққа соқтыруы, дария жағасындағы тоғайларды мекендейтін құстардың сиреп кетуіне әкеп соқтырып отыр. Себебі суайдындарын мекендейтін құстардың басым көбі өзге өңірлердің көлшіктеріне орын ауыстыруға мәжбүр.

Яғни, бүгінде Сыр бойында ұялаған құстардың көпшілігі өздерінің өмір сүруіне қолайлы мекендерге көшіп жатыр. Тағы бір қырынан алып қарасақ, құстардың қатарының сиреп бара жатқандығы адам қолымен жасалатын қатігездікке де тікелей байланысты болады. Тұмса табиғатты тонап, ауаны ластап, құстардың қауіпсіздігіне нұқсан келтіріп жатырмыз. Соның салдарынан, қанаттылар өздеріне жайлы мекен іздеп, өзге өңірлерге ұшып кетіп жатыр. Сондықтан құстарды қорғау әрбір азаматтың басты парызы болуға тиіс», — дейді бұл жайында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Жаратылыстану институтының аға оқытушысы, География ғылымдарының кандидаты, географ-эколог Оразхан Айдаров.

Жалпы, әлемдік дерекке сүйенсек, жер бетінде құстардың 9 792 түрі мекендейтіні мәлім. Құстар Жер шарының барлық экожүйесінде Арктикадан Антарктикаға дейін өмір сүреді. Құстарды

зерттейтін орнитология ғылымы әрдайым зерделеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Бұл тұрғыда Қазақстан аумағында 495 құс түрі мекендейтіні анықталған. Оның 388-і ұялайтын құстар болса, 138-і қыста да тіршілік етуге бейім. Тағы бір қызық дерек, мамандардың пайымдауынша, Қазақстанға қыстау үшін 14 құс түрі ұшып келсе, республика аумағынан 47 құс түрі ұшып өтетіні белгілі болып отыр.

Негізінен, құстар өдемлігімен табиғат әлеміне әсем көрік беріп қана қоймай, адамзатқа да пайдасы зор екені ғылыми тұрғыда дәлелденген. Оның бірі адам өміріне қауіпті жәндіктермен қоректенсе, екіншісі бау-бақшаларды зиянкес кемірушілерден тазартып оты-

рады. Сондай-ақ өсімдіктердің тез таралуына да септігі зор екені анықталған. Бір ғана мысал, тоғай жидесімен қоректенетін Қырғауыл асқазанындағы қорытпамаған жиде дәндерін санғырығы арқылы сыртқа шығарып тастайды екен. Осы арқылы әр жерге тоғай жидесінің дәні түсіп, жана өскіндердің пайда болуына сеп болады. Бұған қоса, кейбір құстар арашөптердің көбеюіне тосқауыл болса, келесі шыбын-шіркейлер мен жұқпалы ауруларды тарататын жәндіктерді жоюға көмектеседі.

Құстарды қолға үйретіп, шаруашылық мақсатта пайдалануды жолға қойған елдер де бар. Атап айтқанда, Жапонияның 13 ауданының жергілікті тұрғындары және Қытайдың бірқатар өңірлері балықты сүзүгіндармен аулау ісін жолға қойған. Ол үшін құстардың тамағына ірі балықтарды жұтуға кедергі ретінде сақина салып қоятын көрінеді. Құстың жемсауы балыққа толғанын көрген балықшы оны дереу мойын жібінен тартып шығарып алады екен.

Сонымен қатар құстар әлемінде санитарлық немесе тазалықшы қызметін атқаратын қанаттылар да аз емес. Бұл, әсіресе орман-тоғай құстарына тән қасиет. Бір сөзбен айтқанда, құстар әлемін зерттеуші «орнитолог» мамандар осындай мәлімдеме жасап отыр.


«Қай кезде де құс шаруашылығы халық шаруашылығының маңызды салаларының бірі саналады. Ежелден адамзат құстан қажетті азық өнімдерін өндіріп қана қоймай, қауырсындарын түрлі тұрмыстық бұйымдар мақсатында пайдаланады. Алайда табиғи толқулар мен дүмпулердің салдарынан көптеген құс мөлшері жойылу алдында тұр. Осы орайда айта кеткен абзал, тек VII ғасырдан бері жер бетінде 86 құс түрі жойылып кеткен екен. Қазірдің өзінде 1 200-ге жуық құс түріне ртүрлі деңгейде қауіп төніп тұр, Мұндай қанаттылар ұлттық және халықаралық заңнамалармен қорғалады. Жалпы, табиғаттың бір бөлшегі саналатын құстар әлеміне қамқорлық қажет», — дейді географ-эколог.

Мамандардың пікірінше, кейінгі жылдары көптеген өңірде құстардың жаппай қырылуы жиі көрініс тауып келеді. Мұны зиянкес жәндіктермен және кеміргіштермен күрес жүргізу мақсатында әртүрлі улы қоспаларды пайдаланудан, гербицидтерді қолдану аясын кеңейту салдарынан, көл, теңіздердің мұнай қалдықтарымен ластануынан деп түсіндіреді.

Сондықтан да мамандар табиғат әлемін аялап, құстарға қамқорлықпен қарайтын сәт келгенін ескертіп отыр. Әсіресе, сирек кездесетін құстарға қамқорлық аясын кеңейту қажет деп есептейді.

## «ТАҢДАМАЛЫЛАР» ЖАРЫҚ КӨРДІ

Ұлттық академиялық кітапханада қазақстандық аудармашы, прозаик, публицист, әдебиеттанушы Герольд Бельгердің 2 томдық «Таңдамалылар» кітабының тұсаукесері өтті.



Жазушының жана туындысы «Әлеуметтік маңызы бар әдебиеттерді басып шығару және тарату» мемлекеттік бағдарламасы аясында жарық көрді. Іс-шара қазақ аудармашысы және прозашысы Герольд Бельгердің туғанына 90 жыл толуына орай өтті.

Герольд Бельгер — неміс, қазақ және орыс тілдерін бірдей меңгерген көрнекті жазушы. Әдебиет жолында Абай мұрасын зерттеп,



қазақ, орыс және неміс тілдерінде мақалалар, әңгімелер және екі мыңға жуық шығарма жазған. «Сосновый дом на краю аула», «Чайки над степью», «Земные избранныки» (Гете, Абай), «Казахское слово», «Ода переводу», 10 томдық «Таңдамалылар» және тағы басқа көптеген шығарманың авторы.

Мемлекет және қоғам қайраткері, әдебиеттанушы Сауытбек Әбдрахманов жүргізген әдеби шарада Герольд Бельгер жайлы түсірілген «Өмір иірімі» атты деректі фильм көрсетілді.

Шығармалары оқырман жүрегіне жол тапқан талант иесінің рухын аспандатқан басқосуда зиялы қауым өкілдері Герольд Бельгердің жазушылық қыры мен әдебиеттегі орны жайлы ой толғады.

Іс-шараға Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің төрағасы Рустам Али, Ресей дипломатиялық корпусының өкілдері, жазушылар, ақындар, аудармашылар, кітапхана оқырмандары қатысты.



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**  
Абзал АЛТЫНСАЙЫЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Жаннат ҚАЙЫРҒОЖИНА –  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Банн ЖАНҰЗАҚ –  
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklam.aikyn@gmail.com

**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

**Тапсырыс №45122**  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,